



ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕ

ТМД: ұйымға серіктес, бақылаушы болуға ниет білдірген кез келген мемлекетке жол ашылады

2



ОТАНШЫЛ РЕФОРМАТОРЛАР КЕРЕК

6



ЖӘНІБЕК ЕРЛЕДІ!

Мемлекет басшысы боксшы Жәнібек Әлімханұлын жеңісімен құттықтады

11

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №123-124 (6417) 17 қазан, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Ресми сапар:

«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ»

бастамасының III форумы өтеді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Қытай Халық Республикасына барды

Мемлекет басшысын Құрмет қарауылы сап түзеген Бейжің әуежайында ҚХР Өнеркәсіп және ақпарат министрі Цзинь Чжуанлун және басқа да лауазымды тұлғалар салтанатпен қарсы алды.

Екі күндік ресми сапар барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен, ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Цянмен және Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен келіссөздер жүргізеді, сондай-ақ

жоғары деңгейдегі «Бір белдеу, бір жол» бастамасының III форумына қатысады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Бейжің Тіл және мәдениет университетінің аумағында орнатылған Әбу Насыр Әл-Фараби бюсті салтанатты түрде ашады.

Бұдан бөлек, сапар аясында Қытайдың ірі компаниялары басшыларымен бірқатар кездесу өткізеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: t.me/aqorda_resmi).

«ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ»

көшпелі халық салтын дәріптеген фестиваль өтті

Алматыда Республика күні қарсаңында өткен фестиваль бағдарламасында барлық ұлттық спорт түрі – көкпар, теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ, құнан бәйге, аламан бәйге және тоғызқұмалақ, асық ату, қазақ күресі қамтылды.

Республикалық деңгейдегі іс-шара 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Биыл алтыншы рет ұйымдастырылған жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен қазанаттарын сайлап, ұлттық спорт жанашырлары жиналды. Фестиваль қонақтары ат үстіндегі жарыстардың ережелерімен кеңінен танысып, қолөнер шеберлері дайындаған тұрмыстық бұйымдардың көрмесін тамашалады. Ұйымдастырушылар көрменнің саны жыл сайын көбейіп, жастардың спорт түрлеріне деген қызығушылығы артып келеді дейді.

«Ұлттық спортты дәріптеу мақсатында Алматы әкімдігінің қолдауымен дәстүрлі фестиваль өтіп жатыр. Қазақтың ұлттық спорт түрлерінің бәрін қамтуға тырыстық. Жарыстарда әр федерацияның спорт шеберлері төрелік етті. Федерациялар арасында қала деңгейінде чемпионаттар өтіп тұрады. Биылдан бастап ұлттық киімді насихаттау үшін «Ұлттық киім – ұлт ажары» атты байқау ұйымдас-



тырылды. Осындай дүбірлі жарысты жоғары деңгейде өткізуіміз керек. Ұлттық спорттың даму қарқыны жаман емес», – деді Алматы қалалық «Бәйге» федерациясының президенті Қуат Үсенов.

Фестивальге Ұлттық спорт қауымдасты-

ғының құрамына кіретін 9 федерацияның 8-і қатысты. Әр федерация бөлек болғанымен, бәрінің түп мақсаты – ұлттық құндылықтарды насихаттау. Спорттың әр түрінен жеңімпаз атанғандарға қаржылай және бағалы сыйлықтар табысталды.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

17.10.2023

Түнде:

+2+4 °C
Аздаған бұлтты.

Күндіз:

+15+17 °C
Аздаған бұлтты.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

18.10.2023

Түнде:

+6+8 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+18+20 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

10



● ТМД-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНАН КЕЙІНГІ ОЙ

13 қазанда ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесі өтті. Биыл ұйымға Қырғызстан төрағалық етті. Бішкекте өткен алқалы жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты. Сөз сөйлегендер қатарында ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев болды. Ресми іс-шараға Арменияның премьер-министрі Николь Пашинян қатысқан жоқ. Оған соңғы өткен Таулы Қарабақ мәселесі себеп болып отыр.

«Серіктес» және «Бақылаушы» мәртебесі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиында сөз сөйледі. Онда үш мәселеге баса мән берген абзал. Биылғы ТМД-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысының басты жаңалығы «Серіктес» және «Бақылаушы» мәртебесінің бекітілуі. Президент мұны отырыстың айтулы оқиғасы ретінде атап өтті. Демек, ұйымға серіктес, бақылаушы болуға ниет білдірген кез келген мемлекетке жол ашылады. Мұны дипломатиялық мәлімдеме деп ұққан жөн. Себебі, ұйымның ары қарай дамуы серіктес, яки бақылаушы боламын деген ниеті бар мемлекеттердің болу-болмауына тәуелді. Сондай-ақ, ұйымға БҰҰ мойындаған мемлекеттер ғана мүше бола алуы тиіс.

Келесі мәселе санкциялық текетірес жайлы. Бұған қатысты Мемлекет басшысы: «Қазақстан жаһандық сауда-саттық пен мемлекеттердің әл-ауқатына кері әсер ететін экономикалық санкцияларды қолдануға түбегейлі қарсы», – деді. Кейбіреулер Президенттің бұл сөздерінің астарында Батыс елдерінің Ресейге, Беларусь мемлекеттеріне қарсы жасап отырған санкция түр деп түспалдауы мүмкін. Алайда, бұл жерде «жаһандық сауда-саттық пен мемлекеттердің әл-ауқатына кері әсер ететін» сөздеріне мән беру қажет. Жалпы, экономикалық санкция халықаралық қатынаста кең тараған әдіс. Халықаралық құқыққа қайшы әрекет жасалған елге, әлде белгілі бір субъектіге қарсы жасалады. Экономикалық санкция халықаралық дау-жанжалдарды шешудің қаруы.

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕ

ТМД: ұйымға серіктес, бақылаушы болуға ниет білдірген кез келген мемлекетке жол ашылады



мен әскери күшті қолдану әдісін алмастырған. Экономикалық санкция болмаса одан да жойқын күшті қолдануға тура келер еді. Десе де, оның маңызды екенін ескергеннің өзінде, ол жаһандық сауда-саттық пен мемлекеттердің әл-ауқатына кері әсері болмауы тиіс. Мемлекет басшысының бұл сөздерін де дипломатиялық қадам деп ұққан жөн. Ал дипломатия дегеніміз, компромисс. Белгілі бір саяси мақсатқа жету үшін кейбір дүниелерден бас тартуға тура келеді.

Тіл – қарым-қатынас құралы

Бұдан басқа, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері жайында сөз болды. Биыл ТМД-да «Орыс тілі» жылы аталып өтуде. Осы орайда жиында Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы Шарт пен Жарғыға қол қойылды. Президент бұл ұйымның жаһандық гуманитарлық ынтымақтастық тұрғысынан өте өзекті екенін атап өтті. Яғни мұнда ол тіл факторының саясилауына назар аударып отыр. Дәл қазіргі жағдайда, ТМД кеңістігінде тіл тек байланыс құралы болып қалуы керек.

Бұл туралы Мемлекет басшысы ерекше тоқталып өтті: «...орыс тілін насихаттау үшін қабылданып жатқан шаралар елдеріміздің ұлттық бірегейлігін нығайту үрдісіне кері әсер етпейді. Қазақстан қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін күшейту саясатын жалғастыра береміз». Яғни орыс тіліне қатысты бастамалардың басым бөлігі сыртқы аудиторияға арналған. Әр ел өз мемлекеттік тілін дамыта бермек.

Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болуға ниетті

Астана БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болуға ниетті екенін тағы да білдірді. Биыл өткен БҰҰ 78-сессиясы аясында саяси дебатта осы бастама көтеріліп еді. Жиында Қауіпсіздік Кеңесіндегі дағдарыс жайлы қайта айтылды. Президент ол үшін БҰҰ Бас Ассамблеясының рөлін күшейту керектігін мәлімдеді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық терроризм жайлы сөз қозғады. Таяу Шығыстағы жағдайды тілге тиек ете отырып лаңкестік жолмен халықаралық мәселелерді шешуге Қазақстанның қарсы екенін мәлімдеді. ТМД кеңістігіндегі сауда-экономикалық

байланыстар жайлы да сөз болды. Экономикалық байланыстарды нығайту үшін сауда кедергілерін жою (қолайлы тариф, әкімшілік рәсімдерді жеңілдету), транзиттік әлеуетті арттыру қажет екені айтылды. Азық-түлік қауіпсіздігі мен климаттың өзгерісі сияқты өзекті мәселелер де назардан тыс қалмады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ТМД: ҚҰРАМДА КІМДЕР БАР?

ТМД 1991 жылы 21 желтоқсанда Алматы қаласында құрылған. Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Украина республикалары ұйым құрамында болды. Латвия, Литва, Эстония және Грузия мүше болуға ниет білдірмеді.

Түркіменстан ұйымның негізін қалаушы болғанымен, оның жарғысын ратификацияламаған. 2005 жылдан бастап қауымдасқан бақылаушы-мүше мемлекет.

Грузия 1993 жылы желтоқсанда толық мүше атанды. Алайда, 2008 жылы ұйымнан шықты. Ал Украина Президенті Владимир Зеленский 2020 жылы ТМД-дан шығу туралы үкімге қол қойды. Молдованың ұйымнан шығу үрдісі биыл басталды.

Армения да посткеңестік кеңістіктен алшақтауы мүмкін. Елдің премьер-министрі Николь Пашинян биылғы жиынға қатысқан жоқ. Бұған Таулы Қарабақ мәселесі себеп болып отыр. Қазіргі таңда Армения мен Әзербайжан елдерінің қарым-қатынасына сызат түскен.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
(Дереккөз:
www.akorda.kz).



● САРАПТАМА

МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Үнді-Тынық мұхиты: ірі державалар үшін аса маңызды геосаяси аймақ

Қайта көтерілген Израиль–Палестина қақтығысы әлем назарын өзіне бұрып әкетті. Бірақ бұл өзге әлемнің өзге жерлеріндегі шиеленістер жеңілдеді дегенді білдірмейді. Турасында, Израиль–ХАМАС соғысы жаһандық қызып тұрған жанжал отына май құйды. Біртіндеп өсіп келе жатқан ауқымды қақтығыс қауіптері бұрынғыдан да күшейе түсті. Дүние жүзінің назары Таяу-Шығыстағы қақтығысқа шоғырланса да, Украинадағы, Үнді-Тынық мұхитындағы жағдай жақсарып кеткен жоқ. Бейбітшілік және тұрақтылық тұрғысынан осы аймақтағы үрдістердің өзектілігі әлі де өз орнында. Тіпті, Үнді-Тынық мұхиты сынды алып геосаяси аймақтағы жағдай болашақ әлемнің картинасына Израиль–Палестина мәселесінен де терең әсер етуі мүмкін. Ал кейбір шетелдік сарапшылар ендігі ықтимал қақтығыс ошағын дәл осы аймақтан іздей бастады. Сондықтан сахна сыртындағы көлеңкелі аумақта не болып жатқанын бағамдап отыру маңызды.

Әлемдік бәсекеде теңгерім қайта түзілуде

Үнді-Тынық мұхиты ірі державалар үшін аса маңызды геосаяси аймақтың бірі. Әрі АҚШ пен Қытай сынды екі күш орталығы бәсекеге түсіп жатқан негізгі ойын алаңы. Себебі, халық саны мен экономикалық әлеуеті жағынан бұл алып аймақ әлем экономикасына зор ықпал етеді. Әлем өндіріс базасының Қытайдан Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне қарай ойыса түсуі түрлі мүдделердің шарпысуын күшейтті. АСЕАН елдерінің сауда серіктесі қатарында Қытай АҚШ пен Еуропаны артта қалдырып келеді. Ал Құрама Штаттардың аймақтағы стратегиясы Қытайдың ықпалын тежеуге бағытталды. Осының бәрі мүдделер қайшылығынан келіп шығатын ұзақ мерзімдік текетірес күйге жеткізуде.

Оңтүстік Қытай теңізінде көршілер арасындағы аумақтық иелік құқығына қатысты дау-шарлар қазір жаңа бір деңгейге көтерілді. Жақында ғана Қытай мен Филиппин арасында осы мәселеге қатысты дау өршіді. Аймақтағы елдер Бейжің Оңтүстік Қытай теңізінің аумақтық егемендік құқығына қатысты ұстанымына наразы. Әрі осы су айдынындағы жасанды аралдарды көбейтіп, оларға әскери мақсаттағы нысандарды тұрғызды деп айыптайды. Ұзақ уақыттан бері шешілмей келе жатқан дау тұтас Үнді-Тынық мұхит аймағына әсер етуде. Жалпы, үрдістен қарағанда мәселе бұрынғыдан да күрделене түскен.

Үндістан, Сингапур, Малайзия және басқа да елдер Вашингтон мен Бейжіңнің бір тарабын таңдаудан барынша сақтанады. Соңғы жылдары аймақ елдері АҚШ–Қытай арасындағы стратегиялық бәсекелестік пайда қылатын сын-қатер барған сайын күшейіп келе жатқанынан алаңдайды. Территория дауы мен Тайвань мәселесінің шиеленісе түсуі осы елдерге де үлкен қиындықтар алып келуде.

АҚШ–Қытай қатынасында жылымық бар

Үнді-Тынық мұхиты аймағындағы ең негізгі мүдде қайшылығы Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасына тән. Әрі аймақтағы ең негізгі кейіпкерлер де солар. Вашингтон мен Бейжіңнің ықпал аумағын кеңейтуге деген бәсекесі ондағы елдерге әртүрлі әсер етуде. Сауда соғысынан бері екі ел қатынасы ұдайы шиеленіске қарай дамыды. Соның өзінде ара-арасында жылымықтар болып тұрды. Өзара барыс-келіс, дипломатиялық алмасулар үзілмеген болса да, екі ел лидерлерінің кездесуі көптен бері жүзеге аспай келеді.

Әйтсе де, соңғы бірер аптада АҚШ пен Қытай қатынасында кезекті жылымық орнағандай болды. Өткен аптада Қытай басшысы Ши Жиньпің (Си Цзиньпин) АҚШ конгресінің Чак Шумер (Chuck Schumer) бастап барған делегациясын қабылдап, қарым-қатынасты реттеу бойынша жылы лебіз танытты. Тіпті, Шидің кездесуде айтқан: «Қытай–АҚШ қатынасын жақсартудың мыңдаған себебі бар, нашарлатудың бірде-бір себебі жоқ», – деген лебізі Вашингтон үшін де жылы қабылданды. Басым көп сарапшылар бұл белгілерді державалардың қайшылықты реттеуге деген құлшынысы ретінде бағалады.

Бейжің жағынан мұндай ілтипаттың да өзіндік себебі бар. Алда Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы (АТЭС) саммиті АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында өтеді. Онда АҚШ президенті Джо Байден мен Қытай басшысы Ши Жиньпің кездесуі мүмкін. Бірақ бұл кездесу әлі де болжалды күйде тұр. Ресми Бейжің кездесу туралы растаған емес. Сөйтсе де, Қытай басшысының Конгресс делегаттарын оңаша қабылдап, жылы лебіз танытуын осы кездесуге ниетті екенін аңғартатындай. Дипломатия тіліне сай енді бір жағынан шиеленісті жеңілдетуді қалайтынын білдірген белгі десе де болады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Державалар жолы қалай өзгерді?

Үнді-Тынық мұхиты әлемдегі халық саны ең тығыз, сондай-ақ, халықаралық сауданың басым бөлігін өзіне тартып отырған аймақ. Бұл аймақта ереже орнатқан тарап тұтас жаһандық экономика мен халықаралық сауда байланыстарының ережелеріне ауқымды ықпал етпек. АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекенің негізгі мәні міне осында.

Дегенмен, біртұтас әлем бір-бірінен бөлек тұра алмайды. Ірі күш орталықтары бір емес, бірнеше нүктеде күш сынасып жатыр. Бұл күш сынасу тек қару арқылы ғана емес, қаржы, ресурстық шығындар арқылы да тіреспеді. Көптен бері бұл майданның жалпы картинасы түсініксіз болып еді. Израиль мен Палестина жаңа сахна ретінде қайта ашылғаннан кейін ірі державалардың стратегиялық жүрістері өздігінен түсінікті бола кеткендей. Яғни Ресей, Қытай сынды АҚШ-тың негізгі бәсекелестерінің қатарында Иранның болуы теңгерімді бұзып келгендей болған. Палестина дауы Иранның күшін өзіне бұратыны анық. Бұл дегеніміз, АҚШ-тың арқасынан бір жүктің түскенімен бірдей. Ендігі жерде Украина мәселесінде Ресейге қарсы Еуропа елдерін қалдырып, АҚШ өз назарын Үнді-Тынық мұхитына аударуы мүмкін. Егер бұл болжам расталатын болса, онда алдағы уақытта Үнді-Тынық мұхитында, оған ілесе шығыс іргемізде де жағдай күрделі өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН:

Бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым

АЙТЫЛДЫ:

«ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОП САНА-ТЫНДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ БАЛАЛАРЫ БАЛАБАҚШАДА ТЕГІН ТАМАҚТАНАДЫ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ».

(Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
сайлауалды бағдарламасынан).

ОРЫНДАЛДЫ:

ОСЫ ЖЫЛДЫҢ 1 ҚЫР-КҮЙЕГІНЕН БАСТАП МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕККЕ МҰҚТАЖ ОТБАСЫ БАЛАЛАРЫ 100%, СОНДАЙ-АҚ 1–4-СЫНЫПТАРДА ОҚИТЫН 1,4 МИЛЛИОН ОҚУШЫ ТЕГІН ТАМАҚПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ.

● 2023-2024 оқу жылында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан 97,4 мың бала мектепке дейінгі ұйымдарда тегін ыстық тамақпен қамтылды.

● Тегін тамақтанумен 1,6 миллионнан астам оқушы, оның ішінде бастауыш сыныптарда оқитын 1,4 миллион бала, 5–11-сыныптарда білім алатын 200 мыңнан астам әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы балалары қамтылды.

Үкіметтің бес негізгі міндеті

- Салық-бюджет саясатының берік негізін құру;
- Салық базасының есептілігін және жаңа Салық кодексімен сәйкестігін қамтамасыз ету арқылы мұнай емес кірістерді жұмылдыру;
- Нәтижеге бағдарланған бюджетті және басқарудың жаңа құралдарын күшейту есебінен бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдаланудың тиімділігін арттыру;
- Басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде бюджеттік процеске қатысушылардың және жалпы Үкіметтің есептілігін қамтамасыз ету;
- Жүргізіліп жатқан реформалардың ережелерімен келісуді қамтамасыз ету (мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру; мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру жөніндегі әкімшілік реформа).

САБАҚТАСТЫҚ ПРИНЦИПІ САҚТАЛДЫ

Барлық міндеттер құжатта іске асырылды, қолданыстағы жүйемен сабақтастық принципі сақталды. Қазақстанның бюджеттік жүйесі жұмыс істеген жылдары үздік тәжірибе болған рәсімдер мен тетіктер сақталды. Бюджет кодексін реттеу өрісі кеңейтілді, мемлекеттік қаржыны басқару жөніндегі ережелер енгізілді. Олар мемлекеттік сектордың барлық қаржы ағынын талдау және салық-бюджет саясатының тиімді шешімдерін әзірлеу үшін негіз болады.

Ұлттық мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, бірқатар рәсімді жеңілдетуге және оңтайландыруға мүмкіндік беретін блок бюджеті енгізілді. Индикативтіден бюджетті толық үш жылдық жоспарлауға көшу қамтамасыз етілді, мұнда



ОТБАСЫ, ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ БАЛАЛАР

құқығын қорғау үшін бірыңғай сенім телефоны іске қосылады

АЙТЫЛДЫ:

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА БІРЫҢҒАЙ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ПЕН БҮЛЛИНГ ҚҰРБАНДАРЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ПӘРМЕНДІ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ МІНДЕТІН ҚОЙҒАН БОЛАТЫН.

ОРЫНДАЛДЫ:

Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың басшылығымен өткен кеңесте тұрмыстық зорлық-зомбы-

лық пен балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселелері талқыланды.

Президент тапсырмасын орындау аясында тұрмыстық зорлық-зомбылық пен буллинг құрбандары 16 қазаннан бастап 111 бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығына тәулік бойы хабарласа алады. Қалалық нөмірлер мен ұялы байланыс операторлары үшін қоңырау шалу тегін. Азаматтарға қажетті көмек мәтіндік диалог арқылы да көрсетілетін болады.

Вице-премьер атап өткендей, байланыс орталығына үлкен жауапкершілік жүктелген. Жүйенің үйлесімді жұмысы әйелдер мен балаларға қатысты заңсыз әрекеттердің теріс салдарының алдын алып, азаматтарға жедел құқықтық, психологиялық және консультациялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

● ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ТАРИХИ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

Мемлекеттің ашықтығы мен есептілігі – жаңа Бюджет кодексінің негізі

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкімет жаңа Бюджет кодексінің жобасын әзірледі. Құжат жобасын Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің отырысында ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин таныстырды.

Жаңа Бюджет кодексі қоғам мен мемлекеттің барлық сұраныстарына жауап береді, Президент айқындаған үнемді және жауапты бюджет саясатының бағытын іске асыруға ықпал етеді және уақыттың сын-тегеуріндеріне жедел жауап

беріп отыруға мүмкіндік береді. Бұл – бюджет жүйесі жұмысының, қаражатты қалыптастыру мен пайдаланудың және мемлекет міндеттерін қаржылық жағынан қамтамасыз етудің негізгі ережелерін, қағидаттарын мен тетіктерін белгілейтін маңызды қаржылық құжат.

Жаңа Бюджет кодексінің жобасы бұрын қабылданған 2030 жылға дейінгі мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасына негізделді. Ол реттеу өрісін кеңейту және бюджеттік саясаттың фокусын бекітілген және нақтыланған параметрлерден барлық мемлекеттік қаржыны шоғырландыру негіздерін кеңейтуге дейін ауыстыру қажеттігін алдын ала анықтады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КОДЕКС ТАРИХЫНАН...

2004 жылы Қазақстандағы алғашқы Бюджет кодексі шашыраңқы заңнаманы кодификациялау үшін қабылданды. Алғаш рет бюджетаралық қатынастар мәселелері жүйеленді, бұл бүкіл жүйенің қалыптасуы үшін маңызды тірек болды. 2008 жылы екінші кодекс қабылданды. Үш жылдық бюджетке көшуді және мемлекеттік жоспарлауды ескере отырып, ол нәтижеге көбірек бағытталған еді. Құжат жүйені реформалаудың жаңа кезеңіне айналды. 2023 жылы қолданыстағы жүйені уақыт сындарын (әлемдік саясаттың сын-қатерлері, жаңа экономикалық бағыт, реформалар) ескере отырып, қайта қарау қажеттігінен жаңа Бюджет кодексінің әзірленуін Қазақстан үшін тарихи маңызды оқиға деп атауға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: primeminister.kz;
www.gov.kz).

● ТҰСАУКЕСЕР

АЛМАТЫДА «ҚОБДАНЫҢ ҚОҢЫР ЖЕЛІ» ЕСТІ

Жазушылар одағының кітапханасында «Қобданың қоңыр желі» атты қос томдықтың тұсауы кесіліп, оқырмандарға жол тартты. Қос томдықта Моңғолиядағы 100-ден астам қазақ қаламгерінің еңбектері топтастырылған.



Естай
БОЖАН



«Қобданың қоңыр желі» алматылық әдеби қауымға бүгін жетті. Бұған дейін Моңғолиядағы қазақ қауымы ортасында және Астанада тұсауы кесіліп, арнайы іс-шаралар өткен болатын.

Жинақ Моңғолия жеріндегі қазақ қаламгерлерінен шыққан 36 прозашы мен 84 ақынның шығармаларын «проза» және «поэзия» сынды екі томға жинақталған. Аталған еңбек қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, ақберен ақын Сұраған Рахметұлының жетекшілігімен құрастырылған.

«Қобданың қоңыр желі» жинағының Алматыдағы таныстырылымын әйгілі ақын, драматург Иран-Ғайып пен ұзақ жылдан бері шетел қазақ әдебиеті мен фольклорын зерттеп келе жатқан ғалым Зұфар Сейітжан кесті.



Айта кетейік, «Қобданың қоңыр желі» жинағының шығуына «Зейнолла Сәнік» мәдениет қоры қолдау көрсеткен. Қор төрағасы Қанат Зейнолла бұған дейінде Жазушылар одағы мен өзге де орталықтардың әдеби һәм мәдени іс-шараларына, жекелеген авторлардың еңбектерінің жарық көруіне қолдау көрсетіп келе жатыр.

Тұсаукесермен қатар, отырыста Әдеби кеңес шетел қазақ қаламгерлерінің шығармаларын атажұрттағы оқырмандарға таныстыру бойынша жоспарларын таныстырды. Кеңес мүшелері өз ұсыныстарын ортаға салды. Сондай-ақ, шетел қазақ қаламгерлері мен олардың бірлестіктерінің жасап жатқан игі істерін де атап өтті.

Кеңес төрағасы Армиябек Сағындықұлының айтуынша, Өзбекстан қазақ жазушылары мемлекеттік бағдарламамен түркі әлемінің 100 томдығын шығарған. Солардың арасында 10 томдығы қазақ әдебиетінің өкілдеріне арналған. Ал Қытайдағы қазақ қаламгерлері Қазақстандағы әдебиет өкілдерінің 2 томдығын баспадан шығарған және оны қытай тіліне аударып таратқан.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Алматы әкімдігінің өкілдері «Ақкент» шағынауданындағы өрт кезінде қайтыс болған марқұм Әсел Бекмұхаметованың отбасымен кездесті.

Өрттен зардап шеккен «Ақкент» тұрғын үй кешенінің №54 үйдегі тұрғындардың баспанасын аралау кезінде Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков қызыл жалын кезінде қаза тапқан қыздың ата-анасымен сөйлесті. Әселдің әкесі үлкен қызы Айжанның банктен алған 3 млн теңге көлемінде тұтынушылық несиесі бар екенін хабарлады.

Естеріңізге сала кетейік, Айжан да балконнан секіріп, көп жарақат алған. Қазіргі уақытта ол еңбекке жарамсыз. Құрылыс салушы «Ayt Housing Complex» ЖШС отбасына қаржылай қолдау көрсетуге, сонымен қатар, қызын емдеуге 1 млн теңге бөлуге уәде берді. Бұған дейін Әселдің отбасына материалдық көмек көрсетіп, құрылыс салушы «Ақкент» ТҮК-нен ауданы 77 ш.м. үш бөлмелі пәтер берген. Сонымен қатар, Ayt Housing Complex компаниясы марқұм қыздың ата-анасының жалпы сомасы 2 млн 243 мың теңге несиесін өтеген. Несиені өтеу қажеттілігі тұрғын үйді рәсімдеуге байланысты еді. Әрі аудандық әкімдіктің қолдауымен қазақстандық банктөртін біріне Әселдің 1 млн 470 мың теңге мөлшерінде қаржы кешірілді.

Әселдің актық сапарына аудан әкімдігі 700 мың теңге көлемінде қаржы бөлді, «Ayt Housing Complex» ЖШС қатымына 1 млн теңге сомасында қаржылай көмек көрсетті.

Қызыл жалын кезінде «Ақкенттің» тағы бір тұрғыны Құрақбаева Зүлфияның қызы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 2-курс студенті зардап шеккен-ді... Қазір ол да еңбекке жарамсыз.

Кездесу барысында аудан әкімінен Зүлфия қызының оқуына жыл сайын 800 мың теңге төлеуге қолұшын созуды сұрады. Азамат Қалдыбеков барлық қажетті көмекті көрсетуге уәде берді. Қиын сәтте қалған қызының тағдырына алаңдаған ана қайырымды жандарға алғыс айтты.

Айта кетейік, «Ақкент» шағынауданында 2023 жылдың тамызында өрт шығып, 300-ден астам тұрғын эвакуацияланған болатын. Жөндеу жұмыстары екі айға созылып, мерзімінде аяқталды. 96 пәтерлі үйді қалпына келтіруге Алматы әкімдігінің қаражатынан 168 млн 400 мың теңге көлемінде қаражат бөлінді. Оның 68 млн 400 мың теңгесі тұрғындарды қоныстандыруға және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде жалдамалы пәтерлерді жалға алуға, ал 100 млн теңге «Болашақ S құрылыс» ЖШС мердігерлік ұйымы жасаған пәтерлерді косметикалық жөндеуге жұмсалды.

Жөндеу жұмысы барысында 6 пәтердің терезесі мен

АДАМДЫҚ АЙНАСЫ

Мұқтаж жандарға көмек берілді



18 пәтердің есігі ауыстырылды. Эвакуациялау кезінде сынған 4 пәтердің лоджиясындағы әйнектері орнатылды. Әрі өрт кезінде қараған 80 пәтердің кіреберіс есігі жөнделді. Адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ғимараттың эвакуациялық жолдары тексерілді.

30 қыркүйекте №54 үйдің тұрғындары жөндеуден кейінгі пәтерлеріне оралды. Әкімдік өкілдері атқарылған жұмыстардың сапасына көз жеткізу үшін тұрғындармен жеке-жеке кездесті.

«Жөндеу жұмыстары жақсы жасалған, үйіміз жылы, таза. Жақында жылу берілді. Жөндеуге атсалысқандардың барлығына алғыс айтамын», – деді «Ақкент» ТҮК 2-қабаттың тұрғыны Бәтима Көжекбаева. Пәтеріндегі электр кабелі толығымен ауыстырылып, қабырғаға бұрынғы тұсқағаздарға ұқсасы жабыстырылды.

«Барлық пәтерде жағымсыз иіс болды. Мұнда озонмен тазарту технологиясы қолданылды. Бұл үйдегі өрттің иісін кетіруге арналған ауаны белгілі бір деңгейде тазарту. Қазір

күйіктің иісі кетті, тұрғындар үйлеріне кірді, барлығы дән риза», – деді «Болашақ S құрылыс» ЖШС жобасының басқарушысы Сергей Ковалёв.

Жалпы, үй алаңдарының жай-күйі үшін жауапкершілікті құрылыс салушы мойнына алды. Үйді қалпына келтіру үшін Ayt Housing Complex компаниясы 300 млн теңге бөлді.

«Жалпы, алаңдарға жөндеу жүргізілді: кабельдер, шахталар, электр паннолар қалпына келтіріліп, лифт реттелді, өрт дабылы орнатылды. Әкімдік пәтер ішіндегі жөндеу жұмыстарын жүргізді, ал біз сырттағы жұмысты қолға алдық», – деді «Ақкент» шағынауданында үйлерді салған құрылыс салушы Ayt Housing Complex құрылыс компаниясының бас директоры Қанат Ералиев.

ТЖД мәліметінше, «Ақкент» шағынауданындағы барлық 58 үйдегі өрт қауіпсіздігі тексеріліп, 896 заң бұзушылық тіркелді. Жауапты мекеме «AYT Facility Management» ЖШС 20 қарашаға дейін оны жою туралы нұсқама алды. Қазіргі кезде тиісті жұмыстар қолға алынған.

Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

ТУРИЗМ

«ШЫМБҰЛАҚ» ТАУ-ШАҢҒЫ КУРОРТЫ

үздіктер қатарында!

нұсқасы бойынша «Үздік тау шаңғысы курорты» атағына ие болды.

Федералдық форумда 1000-нан астам инвестор, бизнесмен, тау шаңғысы кешендерінің, қалалық және қала сыртындағы туристік нысандардың, ойын-сауық саябақтарының, қонақүйлердің, мейрамханалардың және федералдық және өңірлік деңгейдегі билік органдарының өкілдері кездесті.

Форум аясында ТМД елдерінің шетелдік әріптестерімен инвестициялық тартымды жобаларда туристік инфрақұрылымды құру бойынша жобаларды іске қосу мен іске асыру стратегиясы талқыланды.

Форумның іскерлік бағдарламасы қауіпсіз, сапалы және қызықты демалыс мәселелеріне арналды. Туристік сала сарапшылары кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, туристік нарыққа қатысушылардың өзара іс-қимылы бойынша жаңа форматтарды талқылады.

«Өткен форум өте жарқын әсер қалдырды. Біздің тау курортының ТМД-ның 200 курорты арасында беделді «Үздік тау курорты» марапатын алуы – бұл құрметті атақтан гөрі артық. Бұл біздің еңбегіміз бен іске адалдығымыздың әлемдік деңгейде бағаланғанының дәлелі. Бұл марапат «Шымбұлақ» мәртебесін арттырып қана қоймай, Қазақстанның тау туризмі саласындағы талас-сыз әлеуетіне баса назар аударады. Ол бүкіл біздің команда үшін Қазақстанның әлемдік туристік аренадағы позициясын нығайта отырып, жұмысты жалғастыруға ынталандырады. Біз Алматыда және жалпы Қазақстанда туризмді ілгерілетіміз отырып, жауапкершілік пен мақтанышты сезі-

неміз», – деп атап өтті «Шымбұлақ» ТК бас директоры Абдрахманов Ринат.

«Шымбұлақ» таулы курорты өзін уақыт өте келе серпінді дамып келе жатқан курорт ретінде көрсетеді. Сонымен қатар, «Шымбұлақ» ТК әлемдегі ең биік тау шаңғысы трассасы ретінде Гиннесс рекордын орнатты, беткейдің биіктігі – 3200 метр, ал ұзындығы – 3640 метр.

Бүгінгі таңда «Шымбұлақ» таулы курорты курорттық аймақтың барлық халықаралық стандарттарына сәйкес келетін дамыған инфрақұрылымы бар, жыл сайын 1,2 миллионнан астам келушілерді қабылдайтын және ірі халықаралық спорттық жарыстарды өткізу тәжірибесімен бөлісе алатын Қазақстанның ең маңызды көрікті жері болып табылады. Жалпы, Алматы өңірінде туристік ағымның оң динамикасы байқалады, ал өңірдегі тау туризмінің әлеуеті оның даму перспективаларын атап көрсетеді. Алматы қаласы Туризм басқармасының ресми ақпаратына сәйкес 2023 жылдың үшінші тоқсанында өңірге бір жарым миллионнан астам турист келген.

КЕРЕК ДЕРЕК

«Шымбұлақ» таулы курорты Іле Алатауының табиғаты көркем шатқалында, теңіз деңгейінен 2260 метр биіктікте, Алматы қаласының орталығынан көлікпен 15 минуттық жерде орналасқан.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

экономикалық өсудің жаңа сенімді көзі

Алматы қаласының қоғамдық кеңесі және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мүшелері бірлесіп «Алматы қаласының креативті индустриясын дамыту» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізді.

«Ақпараттық-ресурстық орталық» ҚҚ ұйымдастыруымен өткен іс-шараға Алматы қаласының қоғамдық кеңес мүшелері, ҰЕҰ өкілдері, мемлекеттік органдар мен бизнес-құрылымдар, қоғамдық пікір көшбасшылары мен азаматтық бастамашы топ өкілдері қатысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде креативті индустрияны дамытудың маңызы зор екенін атап өткен болатын. Креативті индустрия қазіргі таңда әлемде де маңызды рөл атқарады. Сондықтан Алматы бұл бағытта Орталық Азияның орталығы болуы тиіс, – деді Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, жиын модераторы Бекнұр Қисықов.

Іс-шараның мақсаты – адами капиталды одан әрі дамыту, экономиканың өсуі үшін жағдай жасау, сондай-ақ, компанияларға үлкен пайда әкелу үшін жағдай жасау. Бұл оларды қаланың кәсіпкерлері мен инвесторлары үшін тартымды етеді.

«Almaty creative» креативті индустрияларды дамыту орталығы» ЖШС Бас директоры Қайсар Сарыбаев креативті индустрия саласы Қазақстанда, әсіресе, Алма-



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

тыда танымал болып келе жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл саланың экономика үшін құндылығы шаш-етектен.

– Қазіргі таңда креативті секторды қолдау мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл бағытта Алматы инновациялық бастамалар орталығы десек, артық емес. Қазір көптеген стартап-жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл саланы дамыту бізге жұмыспен қамту құрылымын өзгертуге, жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын құруға, экспорттық әлеуетті арттыруға және қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға көмектеседі, – деді ол.

Айта кетейік, креативті индустрияға кино, музыка, графикалық дизайн саласындағы зияткерлік меншікке қатысты әзірлемелер кіреді. Қазір Алматыда инновация және креативті индустрия саласында 27 мыңға жуық кәсіпкер жұмыс істейді.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



Республика күні қарсаңында сапалы инфрақұрылымы мен көліктік қолжетімділігі еуропалық стандарттарға сай «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты үздіктер қатарынан көрініп, алматылықтарды қуанышқа бөледі.

Тұмса табиғатымен әлемге танылған спорттық кешен 9–13 қазан аралығында Сочидегі «Красная Поляна» курортында өткен туристік аумақтар форумы аясында SKI BUSINESS AWARDS 2023



ҚАУІПСІЗДІК



САРЫ ЖОЛАҚ

жаңа белгі көлік жүргізушілердің жаяу жүргіншілер өткеліне жақындап келе жатқанын білдіреді

Қала көшелерінде пайда болған таңбаның жаңа түрі тест режимінде жұмыс істейді. Қазіргі таңда Алматыда Тілендиев көшесі бойымен Абай даңғылынан Төле би көшесіне дейінгі бөлікте жолақтарды сызу жұмыстары жүргізілуде.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Эксперименттік тәртіпте бұл учаскеде жердегі реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелдерінің алдындағы апатты жағдайларды болдырмау үшін зиг-заг таңбасы қолданылды.

Бұл жолақ ҚР Жол қозғалысы ережелерінде көрсетілмеген. Бұл жолақ көлік жүргізушілердің жаяу жүргіншілер өткеліне жақындап келе жатқанын білдіру үшін қолданылады.

Сонымен қатар, мұндай сары жолақ бұл учаскеде басып озуға, кері

жүруге, осы аймақта қайта бұрылуға болмайтыны туралы қосымша дабыл ретінде қызмет етеді, өйткені ол қауіпсіз болуы және жол қозғалысының барлық қатысушыларын жақсы көрулеріне мүмкіндік бар.

Көрсетілген эксперимент оң нәтиже берген жағдайда реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелдері ауданында зиг-заг таңбасын қолдану бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады.

Өкінішке қарай, жүргізушілердің басым бөлігі мұндай жолақтарға аса назар аударма бермейді. Соның салдарынан апаттар болуы мүмкін. Алайда, автомобиль иелері жолақтарды жиі байқайды.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Ең танымал зиг-заг таңбасы 1970 жылдардан бастап, алдымен Ұлыбританияда, содан кейін басқа елдерде қолданыла бастаған. Жолдардағы ерекше жолақтар басқа жол белгілеріне қарағанда тиімді болып шыққан және жаяу жүргіншілер мен көлік иелерінің қауіпсіздігін арттыруға көмектескен.

КОЛЛЕДЖ

ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК
ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН

Алматы сән және дизайн колледжінде «Жұмыс берушілердің ұсынысы негізінде білікті, кәсіптік оқыту кадрларын даярлау» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Жиынның мақсаты – колледждің әлеуметтік серіктестерімен ынтымақтастық байланыста болу.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – қазіргі нарыққа сай білікті маман даярлау. Студентке теориялық білім берумен қатар, тәжірибедегі қабілетін шыңдау маңызды. Бүгінде колледждер мен жоғары оқу орындары жұмыс берушінің талап-талғамына сәйкес мамандарды дайындауды қолға алған.

«Біздің колледж түлектерінің жұмыспен қамтылуы 92 пайызды көрсетеді. Студенттеріміз өндірістік тәжірибеден өтіп жүрген барлық кәсіпорынмен келісім-шарт жасалған. Талапкер оқуды тәмамдағаннан кейін тәжірибеден өткен мекемеге жұмысқа тұра алады. Қазіргі заманда тәжірибесіз,

тек теориямен ғана білікті маман дайындау мүмкін емес екені анық. Әлеуметтік әріптестік мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Біздің оқу орнының әлеуметтік серіктестері өте белсенді. Бізбен әрдайым тығыз жұмыс істейді.

Болашақ мамандарды оқытып қана қоймай, жұмысқа орналастыру үшін колледж әкімшілігі арнайы жұмыс жүргізеді. Қаладағы кәсіп иелерімен бірге тәжірибелік сабақтарын өткізу арқылы студенттерді еңбекке бейімдей аламыз.

Дуалдық оқу жүйесіне де көштік. 40 пайызы теория болса, 60 пайызында тәжірибеден өтеді. Бізде «Жастарға кәсіп» деген жоба да бар. Бұл жоба арқылы түлектер жеке кәсібін аша алады», – дейді колледж директоры Жанболат Сманұлы.

ЭКОЛОГИЯ

«ТАЗА БОЛСА ТАБИҒАТ...»

Қазіргі таңда бір ғана Алматы қаласының өзінде 600 мыңға жуық көлік тіркелген екен. Ал қалаға кіріп-шығатыны қаншама? Енді елестетіп көріңізші, сол әрбір көліктен бөлінген улы газдар біздің ағзамызға еніп, түрлі аурулар туғызып жатса, оған кімді кінәлаймыз?! Міне, адамның өмір жасының қысқаруына да дәл осы лас ауа тікелей себеп болуда. Сарапшылардың айтуынша, қаладағы ескі, жарамсыз көліктерден ауаға көп зиян келеді. Мәселенің басты себебі антропологиялық факторлар екенін де ескеруіміз керек. Яғни бұл адам баласына тікелей байланысты.

Ернұр
РЫСБАЙ

Шындығында, дұрыс өңделмеген коқыс, әр жерге тасталған қалдықтар, дәл осы адамның қолынан істелген факторлар ауа құрамын өзгертеді. Егер де әрбір адам коқысын көрінген жерге тастамай артынан тазалап жүрсе, сапалы ауаны сақтауға өз үлесін қосар еді. Біз өзіміз сол қалдықтарды саралап өз жәшіктеріне салатын болсақ, ауаға ешқандай зиян тигізбес едік. Сол арқылы біз табиғатты қорғап, денсаулығымызды да сақтай аламыз.

«ЖАСЫЛ АУЛА» ЖОБАСЫ
өз мәресіне жетті

Қазіргі уақытта таза ауа мәселесін шешудің бір жолы ағаштарды көп отырғызу болып табылады. Жасыл желектер біріншіден, біздің денсаулығымызды жақсартуға, екіншіден, қаламыздың экологиялық жағдайын нығайтуға көмек береді. Өткен аптада қаламызды көгалдандыру мақсатында қолға алынған «Жасыл аула» жобасы өз мәресіне жетті.

Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы мамандарының айтуынша, жоба аясында әр адамға 20-ға дейін көшет бөлінген.

– Бұл жауапкершілігі зор жұмыс. Өйткені, көшет алған тұрғындар жасыл желектерді алдағы 3 жыл бойы күтіп-баптауы қажет. Сондықтан олар арнайы кепілге қол қояды. 2020 жылдан бері тұрғындардың сұрауымен өтіп жатқан жыл сайынғы науқан. Көшеттерді жылына екі рет – көктем және күз мезгілінде таратамыз. Қаламыздың жасыл қо-

рын ұлғайтуда тұрғындар өз еріктерімен осылайша үлес қосып жатыр, біз өте қуаныштымыз, – дейді Нұрлан Сейітбеков жасыл қорды басқару және мониторинг қорының бас маманы.

Жоба аясында 1000 жуық көшет таратылды. Көшет алып, ауласын жайнатуға ниетті науқан қатысушылары ұйымдастырушыларға өз ризашылықтарын білдірді.

– Биыл ағаштарды екінші рет алып жатырмын. Бізге көшеттер тегін берілетініне қуаныштымын. Ауламызда ағаш өсіп, айналамыз жап-жасыл болып тұрған жақсы

ғой. Денсаулығымызға да пайдалы. Осы жобаны ұйымдастырушыларға үлкен алғысымды білдіремін, – дейді алматылық Ақбота Қыпшакова.

Қала экологиясы үшін алаңдаушылық танытқан алматылықтар қоршаған ортаға бей-жай қарамай, тегін көшет алуға көптеп келді. Бұл көрініс көз қуантады, әрине. Ендеше, экологиямыздың жақсаруына дәл осындай жобалар көмектеседі. Науқанға қатысушылар саны көбейіп, ағаштар көптеп отырғызылса, табиғат біздің денсаулығымызды қорғайтын досымызға айналары анық.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ТАЗА ЖЕРДЕ КӨЗТАРТАРЛЫҚ КӨРІК БАР...

Күнделікті өмірде қаламыздың әдемілігіне кері әсерін тигізіп жататын жерлерді байқаймыз. Бұл кейбір адамдардағы мәдениеттің төмен екенінің белгісі. Кез келген жерге тасталған қоқыс, іргелерге салынған сурет. Өз басым, мұның бәрі қоршаған ортаға жасалған қастандық деп білемін.

Адам баласы өзін, айналасын таза ұстаса ғана денсаулығына еш зиян келмейді. Таза жүрудің 5 пайдасын айта кетсек: 1) Таза жерде микробтар, түрлі вирустар аз болады; 2) «Тазалық адамның айнасы» деген, тазалығына қарап, оның қандай адам екенін білуге болады; 3) Адам сырттай таза болса, ішкі жан-дүниесі де таза болады; 4) Таза жерде көзтартарлық көрік бар; 5) Тазалық бар жерде тәртіп те болады.

Барлығымызға белгілі, кез келген ауру тазалықтың дұрыс сақталмауы салдарынан туындайды. Сондықтан жерде жатқан бір қоқысты алғанымыздың өзі жақсылықтың бастамасы. Сіз бен біздің жануарлардан айырмашылығымыз санамыздың барында. Қоршаған ортасына салғырт қарайтын адам жұмысына, достарына және отбасына да дәл қарым-қатынас жасайды. Түсінікті болу үшін мысал келтірейін, табиғатты өзім деп елестетіңіз, сіз әрдайым адамдарға жақсылық жасайсыз, ал адамдар сізге келіп жағымсыз іс-әрекеттер жасайды. Мұндай әділетсіздікке қашанғы шыдай аласыз?! Дамыған мемлекеттерде адамдар жақсы өмір сүру үшін айналасына махаббатпен қарайды. Адам өзін өзгерту арқылы жан-жағын өзгертеді. Мәдениетті өзімізден бастауымыз қажет. Тіпті, ұлы Абай «Адам – табиғат перзенті» демеп пе еді?! Ендеше, табиғаттың жауы да, досы да – адам. Табиғатқа қандай әрекет жасасақ, ол да бізге соны қайтарады.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ӨТКЕЛІ

алматылықтардың өтінішімен салынды



Оқушылар мен жақын маңдағы шағынаудан тұрғындарының қауіпсіздігі үшін Рысқұлов даңғылында, «Парасат» тұрғын үй кешенінің жанында жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі салынды.

Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Рас, Алматы көшелерінде күндіз-түні қозғалыс тоқтамайды. Сондықтан жолдың арғы бетіне өту қиынның-қиыны. Мәселен, қаладағы Рысқұлов даңғылы мен Сазановская көшелерінің қиылысында ортасында бөлу жолағы бар 3 жолақты көлік құралдарының қозғалысы ұйымдастырылған. Бұған дейін бұл жол қозғалысы ережесін бұзып, жолды кесіп өткен жаяу жүргіншілерге айтарлықтай қауіп төндірген.

Халықтың іргелес аумаққа көптеп қоныстануына байланысты осы жол телімінде қауіпсіз өтудің қажеттілігі туындады. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевпен кездесуде тұрғындар осы ауданда жерүсті өткелін орнатуды сұраған болатын.

Тұрғындар сұранысынан кейін



қысқа мерзімде жаяу жүргіншілер көпірін салу жобасы әзірленген-ді. Ол 2023 жылдың 2 тоқсанында басталып, қыркүйекте аяқталды.

Жерүсті жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысы көлік қозғалысы мен тротуар бойындағы жаяу жүргіншілердің жүрісін шектемей өте қысылтаяң жағдайда жүргізілді.

Жаяу жүргіншілер өткелі барлық талап пен стандартқа сай, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналып салынған. Атап айтқанда, жаяу жүргіншілер көпірі көтергіш құрылысмен жабдықталған, онда тірек-қимыл аппараты

бұзылған адамдардың (мүгедек арбамен жүретін) жүріс-тұрысы үшін барлық қажетті шешім қарастырылған, ал энергиямен жабдықтауда үзілістер болса, апаттық ток генераторы қарастырылған. Бұған қоса, жаяу жүргіншілер өткелінде тактильді такталар орнатылған.

Жаяу жүргіншілер көпірінің аралық құрылымы арқа тәрізді, көпірдің тіреуішіне берік болат пайдаланылып, металл конструкциядан жасалған, бұл сейсмикалық жағдайда бүкіл құрылымның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.



ЖОЛДАУ – 2023



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауы толығымен экономикаға арналды. Соның ішінде өңдеуші өнеркәсіп орындарын көптеп салу туралы бірқатар тапсырмалар берілді. Осы ретте белгілі экономистердің, қаржы саласының білгірлерінің парасатты пайымдауларын білгенді құп көрдік. Осыған орай экономист, қаржы сарапшысы Мақсат ХАЛЫҚПЕН тілдестік.



ОТАНШЫЛ РЕФОРМАТОРЛАР КЕРЕК

Мемлекеттік бағдарламаларды жедел іске асыратын, іскер азаматтар ауадай қажет

«Бәрін кадр шешеді»

– Бұл жолғы Жолдау бірінғай экономикалық бағытқа арналды. Осыған қатысты өзіңіздің ой-пікіріңізді білдірсеңіз...

– Иә, Мемлекет басшысының Жолдауы түгелімен экономикалық мәселелерге бағытталды. Өңдеуші өнеркәсіпті жандандыру қажеттігін көрсетті. Шикізатты экспорттап отыратын бағыттан бас тарту керектігін меңзеді. Соның ішінде аралық, тереңдетілген өнімдерге көңіл бөліп, өндірістік саясатты жүргізу туралы бірқатар нақты тапсырмалар жүктелді. Одан кейін ауылшаруашылық саласы, логистика, IT, жасыл экономика бөлімнің негізгі драйвері болатыны анық. Сондықтан осы салаларға көңіл бөлсек, көп нәрседен ұтарымыз айқын. Бізге оптимистік көзқарастағы адамдар қажет. Шенді-шекпендінің көп болғаны мемлекеттік қызмет істерін баяулатады. Қазақта «қойшы көп болса, қой арам өледі» деген ұлағатты сөз бар. Осыдан-ақ логика қайда жатқанын ұға беріңіз. Қазақстанға экономика, бизнес, білім мен ғылым, жаңа технология, инвестиция тілін білетін, өз ұлтын сүйетін қазақи менеджерлер қажет.

Еліміздің ішкі өнімін алдағы 7 жылда 2 есеге арттыру жайында тапсырма берілді. 450 миллиард долларға жеткізу туралы талап қойылды. Сондай-ақ, Үкіметке кемі 6-7% жалпы ішкі өнімді қамтамасыз ету тапсырылды. Қаржы сарапшыларының пікірінше, әлгі межеге жету жолында 10% өсім ләзім. Жаңа айтқанымдай, мемлекеттік бағдарламаларды жедел іске асыратын, іскер азаматтар ауадай қажет.

– Өңдеуші өнеркәсіпті қолға алу нендей игі өзгерістерге бастайды?

– Өңдеуші өнеркәсіп туралы жеке-дара айтылғандығы қуантады. Айтып қана қоймай, зауыт, фабрика, цех салу жөніндегі ұсыныстарды іске асыра берген жөн. Бұл ел экономикасын түрлендірудің негізгі бағыттарының бірегейі. Мойындайық, біз шикізатты елміз. Дәлірек баяндағанда, мұнай мен газға тәуелді болып келдік. Халықаралық терминде бұндайды «голландық ауру» деп санайды. Яғни ешнәрсе өндірмейді. Тек қана шикізат құрсауында қалады. Байқағанымыздай, дәп қазіргі сәтте өңдеуші өнеркәсіпті мықтап қолға алу межесі тұр. Елде қандай өндірістің мүмкіндігі бар, соған қарап алға қарай жылжу міндет.

Бұрынғы мемлекеттік бағдарламаларда өндіріс жайы көп ескерілмеген. Соның бірі – планшет шығаратын зауыт. Шын мәнінде ондай өндірістік қуаттылық, білікті кадрлар, технологияларымыз жеткіліксіз бола тұра, соны істемекші болды. Ақыры сол жобаға бөлінген акша талан-таражға ұшырады. Осындай бос әурешіліктен арыйайық. Сол себепті, не істей алатынымызды, өзіміздің күш-қуатты бағамдап барып іске кіріссек, нұр үстіне нұр. Нақтырақ айтсақ, мұнайды жер астынан тонналар қазып алып, экологияны нашарлата бергенше, мұнай-химияны дамытайық. Металды шикізат күйінде шетелге сата бермей, металл өңдеп шығарайық. Сонда Қазақ елінің өндірістік қуаттылығы артады. Бұл өз кезегінде экономикалық өзгерістерге алып келеді. Қазынаға түсетін акша едәуір көбейіп, бюджет еселенеді. Өйткені, бір салалар дамып жатса, онда әртүрлі өнімдер шыға бастайды. Қарапайым ғана мысал айтып өтейін. Кофетеримен айналысатын достарымыздың өзі бұрын

стаканды сырттан алдырса, енді оны өзімізде жасай бастапты. Тіпті, ыстығы сақталсын деп сыртына орап беретін қағаздың өзі шықпаған ғой. Көрдіңіз бе, бірінің жасаған өнімі екіншісіне пайдалы болып тұр. Негізі, қосалқы өндірістер де көп пайдалы.

«Қазақ жолы» ұстанымы болса екен

– Біз АҚШ сияқты дамыған державаға айналуымыз үшін ең бірінші қай тұстарымызды өзгертуіміз қажет?

– Америка Құрама Штаттары жер шарындағы ең дамыған ел ғой. Алпауыт экономикасы қалыптасқан. Өндірістік орындары жеткілікті. Барша қаржы нарығын жаулап алғалы қай заман. Демократия салтанат құрып тұр. Әрине, әрнәрсенің екінші тұсы болады. Алайда, әлгі артықшылығы көптеген кемкетікті жабады. АҚШ жұртшылығында ең қатты бағаланатын құндылықтар бар. Олар – менің даусым, менің салығым. Әрбір америкалық дауыс бере алатынына мақтанышпен қарайды. Green kart, туристік визамен жүргендер екінші сұрыпта болып саналады. Өйткені, әлгілер дауыс бере алмайды, ішкі өміріне қатысуға құқығы жоқ. Американдықтардың кейбірі көшеде мүсәпір болып жүрсе де, америкалық екендігіне мақтанышпен қарайды. Себебі, олар АҚШ президентін, Штат мэрін сайлауға құқылы. Соған өздері атсалысады. Сонымен қоса, дауыстары бірнәрсені шешеді. Соны сезеді. Сондықтан қанша салықтары көп болса да, төлеуден қашпайды.

Қазақ елінің биік мақсаты болса, неғұрлым құлашын кең серпіп, соған жетуге талпынса түбінде жетеді. Жуық арада биік шыңға шықпасаң да, белгілі бір төбеге жетерміз. Жаһандағы ең дамыған державалар сияқты болуды мақсат етіп қойғанымыз дұрыс. Данышпан Абай ағамыз «болмасаң да, ұқсап бақ» деп көрген ой қалдырыпты. Дамыған елдердің жүріп өткен жолын қарайық. Қай жерден ұтты, қай бүйірден дөп түсе алмады. Былайша айтқанда, анализ жасайық. Кез келгені кезеңімен дамиды. Біз дамушы ел болып есептелеміз. Индустриялы ел болудың керек қадамдарын өтейік. Біріншіден, ішкі нарықта қазақстандық тауарлардың үлесі басым болуы шарт. Бәсекеге қабілетті болған соң, әлемдік аренада экспортты арттыра аламыз.

Біреулер дамыған елдермен дамушы елді салыстыруды жөн санамайды. Дегенмен, олардан артықшылықтарымыз да жетеді. АҚШ-та адам құқықтары заңмен қатты қорғалған. Әрбір еңбек адамына жұмыста жасалған жағдайлар таңданырады. Әрбір жұмысшы өзін қауіпсіз сезінеді. Өркімге жеке-дара азамат ретінде қарайтындығымен ерекшеленеді. Ол жақта «мынау олигархтың баласы, үлкен көкесі бар» деген стереотип жоқ. Ондай адамдар өздерін барынша ұқыпты ұстауға тырысады. Заң бұзса, сотта істі болып тұрып, миллиондаған доллар айыппұл төлейді. Бай-бағландардың, лауазымды тұлғалардың өздері де, балалары да өздерін мәдениетті ұстауға тырысады. Мінеки, біздегі құндылықтарды салыстырғанда осылар бірден көзге түседі. Бізге де өмір сүру дағдымызда біраз өзгеріс керек екендігін байқаймыз.

Өзіміз жақында бір топ адам болып Мичиган университетінде сабақ алдық. 14 күн Америкада болып қайттық. Сол кезде

жоғары айтқан дүниелерге куә болып келдік. Профессор келген қазақтардан тест алды. Оның аңғарғаны, қазақтар қиялшыл, сезімге берілген, эмоциямен жұмыс жасайтындығын айтты. Әсіресе, кәсіпкерлерден осы қасиеттерді сезді. Американдықтар реализммен күн көреді. Әр нәрсені реалды тұрғыда қарастыру, фантастикаға жол бермеу керектігі айтылды. Олар «Американдық арман» дегенді ұстанады. Соған жетуге талпынады. Осының бәрін көріп-біліп келіп, қазақтың өз жолы болғаны жөн деген тұжырымға тоқтадық. Бұл жайында бірқатар белгілі адамдар айта бастаған да болуы керек. Біздіңше, «Қазақ жолы» деген позиция болса дейміз. Бірақ армандап жүре бермей, белгілі бір деңгейде алға мақсат қойып, соған жету керек. Бизнесіміз де корпоративтік мәдениет деген ұғым өте жоғары екен. Сол жұмысшыларға жасалған жағдайлар, өндірістік мүмкіндіктері, жұмыс үдерісін жүйелеу бәрі-бәрі қарастырылған. Үлкен өндіріс орындарын конвейерлік жүйеге қою жағы реттелген. Үлгі аларлық тәжірибелер жеткілікті.

Жастарға жағдай жасайық

– Шетелде оқып, алпауыт компанияларында жұмыс істеп жүрген қазақ жастарын ел мүддесіне қызмет еттіру үшін қайтпек керек?

– Дүние жүзіне атағы дардай Google, Apple сынды ірі компанияларда жұмыс істеп жүрген қазақ жастары баршылық. Ішкі құрылымын жасап, соларды пайдаға кенелтуге септесіп жүр. Тура соларда қандай еңбек шарттары жасалса, бізде де сондай компаниялар құрылуы керек. «Самұрық қазына» ҰАҚ бар. Бұған да оптимизация керек. Соған «Болашақ бағдарламасы» арқылы бітіріп келген жастарды орналастырады. Онда мемлекет үлесі басым. Сондықтан да тиімсіз менеджер саналады. Ол мекемеде тамыр-таныстықпен басшы болып отырғандар жетерлік. Арғы жағы айтпасада түсінікті. Шеттен оқып жұмыс істеп келген білімділер істің көзін білмейтін оларға мойынсұнып жұмыс істемейді. Сөйтіп де қайта шетелге кетіп, басқа елдің бағын жағады.

Қазақстанда бәсекелестік қалыптассын десек, шағын және орта бизнесті дамытуға бар күшті салайық. Жаңадан компаниялар құрайық. Ұдайы айтып келеміз, мемлекет бизнесті өз қамқорлығына алып, әбден дамып кеткенше қолдауды аямау қажет. Жаңа заманауи форматта компаниялар құрылса, соның ішінде корпоративтік мәдениет қалыптасса, шетелде нәтижелі жұмыс жасап жүрген азаматтар Отанға оралады. Өздерінің жиған-терген біліктілігін ортаға салады.

Бір байқағаным, Қазақстанда жалақыны өте аз төлейді. Мүмкіндігінше қазақ жастары Еуропада, АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея, Жапония сынды дамыған елдерде жұмыс істеп келгені дұрыс деп есептеймін. Оған ешқандай шектеу қоймайық. Қайта соларға жол ашу керек сияқты. Онсыз да жастарымыз көбейіп, жыл сайын мектепті, ЖОО бітірушілер қатары артып барады. Мың тәубе! Қазағымыз өсіп-өніп өркендей берсін. Әр жыл сайын еңбек нарығына 350 мыңнан астам жастар шығып жатыр. Олардың бәрі осында жұмыс тауып жатқан жоқ. Сондықтан шетелге барсын, көрсін, үйренсін, қаржы тапсын, соңында елге оралса дейміз. Ағылшын тілін тез меңгеріп кететіндей курстар

дайындаған абзал. Бәрібір түптеп келгенде, көпшілігі қайтып келеді. Өйткені, біз үнемі ата-анамызды, бауырларымызды, ағайын-туысты ойлап тұрамыз. Туған жерді жаксы көріп, іштартамыз. Қаракөздеріміз жай қайтып келмейді. Өздерімен бірге озық мәдениет, білім, тәжірибе, кейбірі қомақты қаржы алып келеді. Сол тәжірибе мен білім ел дамуына үлес қосады деп ойлаймын.

Сөзден іске көшейік

– Айлық сәл көбейсе, азық-түлік бағасы шарықтайды. Осыны шешудің жолдары бар ма?

– Иә, бұл мәселе бар. Айлық көбейсе, тұрмыс ауырлай түсетін болды. Соның қарапайым жолдарын біраз айттық. Енді нақты азық-түлікке келейік. Бағаны тұрақтандыру үшін өзіміздің шаруаларға жағдай жасау керек. Импортты алмастыратын тауар шықса, онда бұны реттеуге болар еді. Өзімізде түрлі заттар өндірілмейінше, осы сценарий жалғасын таба береді.

Қазақстанда қандайда бір тауарлар өндіріле бастап, дүкен сөрелерін отандық өнім қаптап бастаса, түйткілді түйін шешіледі. Жалақыға ақша қосса, аз ғана импорттық тауардың бағасы өсіп кететіні сондықтан. Мысалға туризмді дамыту үшін, сервистік қызметтерді дамытсақ болады. Бұл да жаңа тың бағыт. Сонымен қатар, пайдалы іс. Сөзден іске көшейік.

Алаш идеясына негіздеп, ұлттық экономика жасайық

– XX ғасырдың басында Алаш орда үкіметі құрылған болса, нарықтық экономикаға тез бейімделіп, ұлттық мемлекет қалыптасар ма еді?

– Е-е, шіркін-ай десеңізші. Әрине! Ұлтымыздың ұлы тұлғары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов сияқты саяси қайраткерлер арманына жеткен болса, «Алаш орда» мемлекеті құрылған болса, нарықтық экономика жолына 100 жыл бұрын түскен болар едік. Ұлт қайраткерлері қазақты 20-25 жыл бойы билеп тұрса, онда бүгінгі Қазақ елі мүлдем басқа сипатта өмір сүрген болар еді деп есептейміз.

Ол кездегі тұлғалар өте интеллектуал болды. Олардың жасап шыққан ұлттық жоспары, Жапония сияқты ел жасаймыз деген мақсат-мұраты болған. Аграрлық елден, технократиялық елге айналуы көздеген жоспары болатын. Ол үкімет небәрі 5 жылдай қызмет атқарды. Сталиндік террор атып, репрессияға ұшыраса да, тұтастай ағартушылық бағытта үлкен еңбек жасап кетті. Ал егер алаштықтар ширек ғасыр елді басқарған болса, нағыз Орта Азияның барысына айналар едік. Біздің ойымызша, қазіргі қазақ экономикасы Алаш идеясына негізделе отырып, ұлттық экономика жасап шығарса дейміз. Тағы қайталап өтейін, тамыр-таныстық, жемқорлық дегенді тамырымен жою қажет. Сонда ғана ойлағанымызға жетеміз. Елге жаны ашитын қазақ азаматтары ел тізіндеуі керек.

– Әрбір жан өзінің әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін қандай істерді тездетіп қолға алған жөн? Экономист ретінде көпшілікке берер кеңесіңіз...

– Менің ойымша, бірінші кезекте халықтың жағдайын жасау керек. Азаматтардың ең төменгі табысын ұлғайтқан дұрыс. Бұл тетіктер атқамінерлерде. 2024 жылдан бастап ең төменгі жалақы 85 мың теңге болады делі. Әлемде орташа жалақының 3/1 бөлігін ала салады екен. Бізде орташа жалақы 365 мың теңге. Демек, ең төменгі жалақы 121 мың теңге болуы қажет деген сөз. Ал келер жылы ол тағы өседі. Сөйтіп, 130-135 мың теңгеге барады. Осы межеге жетуге болады. Ол үшін әр салада әділет заңы орнауы шарт.

– Үлкен рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ВАКЦИНА

Еліміздің тұрғындары арасында тұмаудың және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялардың таралуының алдын алу мақсатында биылғы 1 қазаннан бастап тұмауға қарсы иммундау жүргізілуде.

ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ

ананы да, құрсақтағы баланы
да қорғайды

«Жүктілік вакциналауға қарсы көрсеткіш емес. Жүкті әйелдер мен жас босанған аналар респираторлық инфекциялардың қолайсыз ағымы үшін жоғары қауіпті топқа кіреді. Олардың ішіндегі тұмау мен ЖРВИ көбіне жүкті әйел мен оның құрсағындағы баласы үшін асқынулардың пайда болу қаупін тудырады», – дейді қаладағы №16 емхананың гинекология бөлімшесінің меңгерушісі Анна Вершинина.

Жүкті әйелдерді тұмауға қарсы вакциналау Еуропа мен Американың көптеген елінде 20 жылдан астам уақыт бойы жүргізіліп келеді, оның иммунологиялық тиімділігі 70–85%-ға жетеді. Жүкті әйелдерді тұмауға қарсы вакциналау кезінде, ең алдымен, әйел наукас адаммен эпидемиялық байланыста болған жағдайда инфекцияны жою немесе шектеу мақсаты қойылады. Жүкті әйелдерге, әсіресе, жүктілік эпидемияның маусымдық кезеңінде болса жүктіліктің 2-3 триместрінен бастап тұмауға қарсы екпе алу ұсынылады.

Екпе салудың маңызды себептері:

- жүктілік кезінде иммунитет әлсірегендіктен, әйелдің тұмау жұқтыру қаупі әлдеқайда жоғары болады;
- тұмау жұқтырған жағдайда жүкті әйелдегі аурудың ағымы әлдеқайда күрделі және асқынулармен өтеді;
- тұмаудың ауыр түрі түсік тастауға, мерзімінен бұрын босанып қалуға, жатыр суының көбеюіне, ұрықтың жатыр-ішілік дамуының кешеуілдеуіне, ұрықтағы жатыр-ішілік пневмонияға әкелуі мүмкін;
- жүкті әйелдерді тұмауға қарсы иммундау тек ананы ғана емес, болашақ баланы да қорғайды. Жүктілік кезінде екпе салдырған әйел тұмауға қарсы антиденелерді ұрыққа плацента арқылы жібереді. Вакциналандыған анадан туған бала кем дегенде 6 ай бойы тұмаудан қорғалған болады;
- жүкті әйелді тұмауға қарсы вакциналау ұрық пен жаңа туған нәрестенің дамуына, лактация кезеңінің ұзақтығына, емшек сүтінің мөлшері мен сапасына әсер етпейтіні көпжылдық зерттеулермен дәлелденген.

Жүктілік кезінде тұмауға қарсы вакцина қабылдаған аналардан туған нәрестелер арасында тұмауға қарсы антиденелерді анадан ұрыққа пассивті тасымалдау арқылы өмірдің алғашқы 6 айында балалардың тұмаумен ауыру деңгейі 50–63%-ға төмендегені туралы деректер бар.

Есіңізде болсын, ауруды емдеуден гөрі оның алдын алу әлдеқайда жеңілрек. Біз әрқайсымыз өз денсаулығымыз үшін және балаларымыздың денсаулығы үшін жауаптымыз.

СКРИНИНГ

«ҚЫЗҒЫЛТ ҚАЗАН»

науқаны онкологиялық дертті ерте анықтау
мақсатында ұйымдастырылған

Мамандар Алматыда сүт безінің қатерлі ісігі дерті басқа онкологиялық аурулар ішінде бірінші орында тұрғанын айтып отыр. Биылғы 9 айдың есебіне жүтінсек, қатерлі ісікпен ауырғандардың арасындағы көрсеткіш: сүт безі обыры – 589 (14,5%), екінші орындағы тоқ ішек обыры – 358 (8,8%) және өкпе обыры үшінші орында – 236 (5,8%).

Алматыда сүт безі қатерлі ісігі деген диагноз қойылған 7640 әйел есепте тұр. Ал жыл сайын сүт безі қатерлі ісігімен 700-ге жуық әйел ауырады екен. Тек жыл басынан бері мегаполисте бұл ауру 589 әйелде анықталса, оның 527-сі аурудың бастапқы, дер кезінде белгілі болған.

Алматы онкологиялық орталығының директоры Нұрсұлтан Избағамбетовтың айтуынша, сүт безі обырын ерте анықтаған кезде (1-ші және 2-сатысында), емделу көрсеткіші өте жоғары – 90 пайыздан астам. 3-ші және 4-кезеңде ауруды емдеу мүмкіндігі айтарлықтай төмендейді. Сондықтан онкологтар сүт безі обырын ерте кезеңде анықтау үшін елімізде толықтай тегін жүргізілетін скринингтік тексеруден өтудің маңыздылығын баса айтады. Мұндай скрининг 40–70 жас аралығындағы әйелдерге тұрғылықты жері бойынша емханада жүргізіледі.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

СӘУЛЕЛІ СӘТ

қарияларға күш-қуат
сыйлады

Қазір қазан айы бойына «Қарттар айлығы» жүріп жатыр. Мегаполистің түкпір-түкпірінде егде жастағы алматылықтарға құрмет көрсетіліп, түрлі іс-шаралар өтуде. Бізге 90 жастағы әжей, Қазақстан Республикасының еңбек ардагері Бексентова Зейнет Қасымқызы хабарласты. Қарттарға көрсетілген құрмет туралы біздің «Almaty aqshamy» газеті арқылы жеткізгісі келіпті.

Қаладағы «АСМЕД-2» емханасының мамандары қарттармен тағылымды мәдени кеш өткізіпті.

– Бас дәрігер Гүлнар Серікқалиқызы алғы сөз айта отырып, біздің хал-жағдайымызды сұрады. Екі жақ сұрақ-жауап арқылы көп мәселенің шешімін таптық. Бәрімізге Алғыс хат берілді. Бірімізді қалдырмай бәрімізге сөз берді, мұқият тыңдады. Мен де өзімді таныстырдым. Себебі, осы

СӘТТІ ОТА

ЖҮК КӨЛІГІНЕ ЖАНШЫЛҒАН

науқастың аяғы ампутациядан
аман қалды

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға аяғын үлкен жүк көлігі басып кеткен 54 жастағы пациент «Жедел жәрдеммен» жеткізіліп, бірден жансақтау бөліміне жатқызылған.

«Аяқты ампутациялау мәселесі тұрғандықтан дәрігерлермен бірлескен консилиум өтті. Дәрігерлер тәуекелге бел буып, науқастың аяғын кеспей, аман алып қалу үшін ота жасау шешімін қабылдады», – дейді травматология бөлімінің меңгерушісі Берік Иргалиев.

Екі сағатқа созылған, сыртқы жақтан бекіту құрылғысын пайдалана отырып, жілік және жіліншік сүйектерін бекіту әдісімен жасалған күрделі отаны травматологтар Жәніс Тажиев және Дәулет Чукманов жасады. Ота барысында



емханаға жаңадан тіркелген болатынын. Алматы теміржол мектебінде жиырма жыл физикадан сабақ бердім. Содан кейін жиырма жыл Жамбыл қаласында Технология институтында зейнетке шыққанға дейін Физика кафедрасында еңбек еттім. Бізді қадірлеп, құрмет көрсеткен емхана медперсоналының көбі жастар екен. Науқастарға өте мұқият, әсіресе, қарттарға құрметпен қарайды. Терапевт Қайрат Ибрайұлы бізді әр сөзімізді аса ыжда-затпен, сабырмен, асықпай тыңдайды. Мен оған ерекше рахмет айтқым келеді, – дейді 90 жастағы көпті көрген кейуана риза көңілмен.

Ақ халатты жас дәрігер, медбикелер қарттарға ән арнап, күй тартып берді. Концерттік бағдарламаны арнайы шақырылған кішкентай өрендер де өнерлерімен әрлеген сынайлы. Қарттар сый-сияпат алып, балаша мәз болып, таркасты. Мұндай сәуелі сәттердің де егде жастағы жандарға күш-қуат беретіні ақиқат.

сүйектер бұранда, шеге, пластина, ине, штиф және басқа да құралдар көмегімен қайта түзіліп, әрі мыжылған бұлшықеттер қалпына келтірілген.

Сөйтіп, дәрігерлер кәсіби шеберліктері мен зор тәжірибесінің арқасында сүйектері үгітіліп, шашылып қалған науқастың аяғын кесуден сақтап, аман алып қалды. Бүгінде пациент ауруханадан үйге шығарылған.

Мұндай жағдай Орталық қалалық клиникалық ауруханада жиі болып тұрады. Аурухана травматологтары талай адамның денсаулығы мен өмірін сақтап қалып жүр.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Гүлнұр БАШАРОВА,
№8 емхананың онкологы:**

МАММОГРАФИЯ – ЕҢ ТИІМДІ ЖОЛ



Маммография – кеуде обыры скринингінің негізгі әдісі. Бұл сүт бездерінің рентгендік зерттеуі, тіпті кеуде тіндеріндегі ұсақ өзгерістерді, соның ішінде қатерлі ісіктің алғашқы белгілерін анықтайды. Екі жылда бір рет маммограмма жасау қатерлі ісіктің сүт безінен тыс таралмай тұрып қауіпті түзілімдерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бізге уақытылы және тиімді ем алуға жол ашады. Алайда, маммографияның өз шектеулері бар. 40

жасқа дейінгі әйелдерде сүт безі тығыз құрылымға ие, бұл өзгерістерді ерте анықтауды қиындатады. Мұндай жағдайларда біз диагностиканың қосымша әдістерін қолданамыз: ультрадыбыстық зерттеу және биопсия деген сияқты. Тіпті, кеш кезеңдерде де кеуде обырын емдеуге болады. Хирургиялық араласуды, химиотерапияны, сәулелік терапияны және гормондық терапияны қамтитын аралас емдеу әдістері пациенттердің денсаулық болжамын және өмір сүру сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Қандай жағдайда да скрининг деген мәселеге алдымен мән берген абзал.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚАЛҚАНЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және жеке бастың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан қорғауға қызмет етеді. Сондықтан Ұлттық ұлан сапында жүрген әр маман білікті, сергек болуға тиіс. Мемлекеттің де, адамның да амандығы сол қызметкерлердің қолында.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

САРБАЗДАР

Ұлттық ұлан офицерлерінің командирлік дайындық деңгейін жоғарылату, бөліністердің қызметтік-жауынгерлік міндеттерінің сапасын арттыру және батальон, рота буынындағы сарбаздардың кәсіби шеберлігімен, озық тәжірибелерімен алмасу мақсатында 5571 әскери бөлімде ұйымдастырылған сайыстың екінші кезеңі аяқталды.

Алматы қаласының өзінен қатысқан және Шымкенттен, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Жетісу облыстарынан ат терлетіп келген 32 сарбаз мемлекеттік-құқықтық дайындық, қызметтік-жауынгерлік қолдану тактикасы, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының Жалпы әскери жарғысын білуден бақ сынасты. Сондай-ақ, сайысқа қатысушылар дене даярлығынан 100 метр, 3 шақырым қашықтыққа жүгіру және белтемірде тартылу, сонымен қатар саптық дайындық пен Калашников автоматын уақытқа шашып-жинау, оқжатарды оқпен толтыру және Макаров тапаншасынан атыс жаттығуларын орындау бойынша сынаққа түсті.

Сайыс нәтижесі бойынша батальон буынында «Үздік батальон командирі» болып 5513 әскери бөлімінің батальон командирі майор Әсет Оразбеков танылса, «Батальонның үздік штаб бастығы» атағын 5513 әскери бөлімінің 2 жедел мақсаттағы батальон штаб бастығы, капитан Нұрсұлтан Па-



зилов жеңіп алды. Ал «Батальонның үздік тәрбиешісі» атағына 5547 әскери бөлімінің жедел мақсаттағы батальон командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, капитан Абылайхан Тұрсынбаев қол жеткізді. Сондай-ақ, рота офицерлері арасында 5514 әскери бөлімінің жауынгерлік қамтамасыз ету ротасының командирі, капитан Жалғасбек Татаев «Үздік рота командирі», 5513 әскери бөлімі 3 рота командирінің орынбасары, аға лейтенант Жасұлан Азым «Рота командирінің үздік тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары» және 5514 әскери бөлімі автомобиль взводның командирі, лейтенант Фархат Амангелдинов «Үздік взвод командирі» атанды.

Енді олар Астанада Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығында өтетін республикалық сайыста «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының намысын қорғайтын болады.

СЕРЖАНТТАР

Ұлттық ұланның 5574 әскери бөлімінің жауынгерлік және әдістемелік дайындық орталығында «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдердің сержанттары арасында «Үздік взвод сержанты – жауынгерлік дайындық бойынша нұсқаушы» және «Үздік бөлімше командирі» байқауының II кезеңі өтті.

Оған Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Жетісу облыстары мен Алматы және Шымкент қалаларынан 18 сержант қатысты. Байқаудың негізгі міндеттері мен мақсаттары кіші командирлердің әскери-кәсіби шеберліктерін жетілдіру, озық үлгідегі тәжірибені, жұмыс істеу стилі мен әдіс-тәсілдерді зерделеу, біріктіру және тарату болып табылады. Одан басқа, конкурс барысында әскери-кәсіби тұрғыда анағұрлым дайындалған сержанттар мен бөлімше командирлері айқындалады.

Жарыс барысында өз бөлімдерінде үздік деп танылған қатысушылар кәсіби сержант және кіші командирлерге тән барлық қабілетін көрсетті: оның ішінде дене шынықтырудағы төзімділік, оқ атудағы дәлдік, химиялық қорғану құралдарын қолдану, мемлекеттік-құқықтық даярлық, саптық дайындықтың үздік дағдылары және басшылық құжаттарды білу бағытында тексерілді.

Байқау сайысының жалпы нәтижесі бойынша Тараз қаласындағы 5513 әскери бөлімінің аға сержанты Мейрамбек Қыдырмұхаметов өңірлік қолбасшылықтың үздік взвод сержанты атағына ие болды. Ал үздік бөлімше командирі атағы Шымкент қаласындағы 6506 әскери бөлімінің аға сержанты Токтар Қасымханға бұйырды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Константин ҚУАТОВ, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының орынбасары, полковник:

Кәсіби армияның негізі

Байқауға келген барлық офицер тексерілген пәндер бойынша жоғары дайындықтарын көрсетті. Жеңімпаздар алдағы уақытта қызмет баспалдағымен жоғары лауазымға тағайындалуға үміткерлер қатарына қосылады. Сержанттар корпусы да – кәсіби армияның негізі. Әскери дайындық, бөлімшелердегі әскери тәртіптің жағдайы және жеке құрамның моральдық-жауынгерлік рухы көбінесе сержанттардың кәсіби шеберлігіне байланысты. Осындай сайысты өткізу сержанттар құрамының кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал етіп, бұл үрдістегі жарыс рухын нығайтады. Әскери бөлімдердегі кіші командирлердің даярлық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

ЖАНКЕШТІ КӘСІП

Ішкі істер органдарының аса маңызды құрылымдарының бірі – қылмыстық іздестіру қызметі. Полицияда қылмысты ашып, қылмыскерді құрықтауда жедел әрекет ететін жедел уәкілдердің рөлі ерекше. Жақында Қылмыстық іздестіру қызметкерлері күніне орай «Үздік жедел уәкіл» республикалық байқауы өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ең үздік жедел уәкіл Ақмола облысының қызметкері Елжас Ноғаев атанды. 2-орынды Абай облысының намысын қорғаған Қуаныш Зарипов иеленсе, ал үздік үштікті алматылық жедел уәкіл Берік Бибеков түйіндеді.

Қылмысты ашу, оны сотқа дейін жеткізу оңай шаруа емес. Кез келген тәртіп сақшысы сияқты полиция капитаны, Алматы қаласы Полиция департаментінің жедел уәкілі Берік Бибековтің де жұмысы қауырт. Ол Алматы қаласы Полиция департаментінің Криминалдық полиция бөлімі жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды ашу бөлімінде қызмет атқарады. Яғни ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашып, қоғамға қауіпті қылмыскерді іздестірумен айналысады. Соған қарамастан уақыт тауып, бізге сұхбат берген еді.

Тәртіп сақшысы Ішкі істер органдарында 2018 жылдан бері қызмет атқарады. Қаңтар оқиғасы кезінде бейбіт тұрғынның басынан атып, қашып кеткен қылмыскерді ұстағаннан кейін полицияның криминалдық бөліміне ауысқан. Жедел уәкіл қызметіне келгеніне көп уақыт өтпесе де, Алматының үздік жедел уәкілі атанды.

Бұл салаға келместен бұрын Арнайы жедел әрекет ету жасағында қызмет еттім. Қылмыстық іздестіру бөлімінде 2 жылдан астам уақыт жұмыс тәжірибем бар. Қаңтар оқиғасы кезінде қылмыскер бір адамды өлтіріп, ізін суытты. Көп ұзамай қылмыскерді тауып, қылмысты аштым. Содан кейін мені Полиция департаментінің ауыр қылмыстар жөніндегі жедел уәкіл қызметіне шақырды, – дейді Берік Жұмағалиұлы.

Тәуліктік қызметті былай қойғанда, кейде

ҮЗДІК ЖЕДЕЛ УӘКІЛ

алматылық Берік Бибеков



айлап, тіпті жылдап үй бетін көрмей кететін полиция капитаны жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды ашуда күн сайын қауіп-қатермен бетпе-бет келеді. Қылмыстық іздестіру қызметінің сақшыларының міндеті – келіп түскен ақпарат бойынша шұғыл әрекет етіп, оқиға болған жерге жету. Өңірдің криминалдық ахуалы қылмыстық іздеу қызметіне тікелей байланысты болады. Бүгінде жедел уәкілдердің кәсіби шеберлігінің арқасында қауіпті қылмыскерлер ұзамай құрықталуда.

Қылмысты жасаған кім? Ең негізгі мәселе осында жатыр. Жедел іздестіру қызметі қандай қылмыс болсын оқиға орнындағы дәлдерді тауып, қылмысты өте қысқа мерзім ішінде ашу керек.

Биыл жазда Алмалы ауданында қылмыстық іс тіркелді. Бір адамды басынан атып өлтірген. Бізге ақпарат түскеннен кейін жедел жеттік. Барсақ, адам баспалдақта жатыр. Беті – қан. Мен Алмалы ауданының кураторымын. Адам өлтіру қылмысы тіркел-

геннен кейін, аудандағы жедел уәкілдермен әрекет еттік. Жеке басы анықталып, қылмыстық іс ашылған болатын.

Қылмысқа қатысты қылмыскерді ұстағаннан кейін қылмыс қай ауданда болды, сол ауданның полиция басқармасына алып барамыз. Одан кейін тергеу басталады. Тергеушілер жауап алғаннан кейін қылмыстық іс қозғалады, – дейді жедел уәкіл.

Адам өміріне қатысты қылмыстардың ішінде кісі өлтіру ерекше ауыр қылмыс деп есептеледі. Алматы қаласының Криминалдық полиция бөлімінде 75-ке жуық қызметкер жұмыс істейді. Ал жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды ашу бөлімінде 14 жедел уәкіл бар.

Жедел уәкіл Берік Бибековтің айтуынша, қалада болатын қылмыс саны көп те, аз да емес. Үлкен мегаполис болғандықтан қылмыс болып тұрады. Аса ауыр қылмыстарды ашу 99%-ды көрсетеді. Барлық заң бұзушылық анықталып, операциялар сәтті аяқталады. Себебі, жедел іздестіру шаралары жоғары дең-

гейде ұйымдастырылады. Кейінгі кездері қылмысқа қарсы күресуде бұл қызметтің қажеттілігі мен маңызы артып келеді.

Жедел уәкіл – өте күрделі қызмет. Үнемі алдыңғы шепте жүретін құқық қорғау органдарының маңызды да, қызықты саласы болып есептеледі. Келгеніме көп болмаса да, бұл жұмысты жаныңмен беріліп істеу керек екенін түсіндім. Онсыз қызметте нәтиже болмайды. Қауіпті екені рас. Бірақ қиын деп айта алмаймын. Қылмысты ашу бойынша ең күрделі міндеттер жүктеледі. Кәсіби біліктілік – басты талап, – дейді ол.

Жыл сайын ұйымдастырылатын «Үздік жедел уәкіл» байқауына әр өңірдің үздіктері қатысты. Алдымен іріктеу кезеңдері өтті. Алматының 8 ауданындағы жедел уәкілдер арасынан республикалық байқауға қала атынан қатысатын үздік сақшыны анықтады. Жалпы, бұл байқаудың жедел іздестіру қызметін одан әрі дамытып, жедел уәкілдердің кәсіби шеберлігін арттыруға ықпалы зор.

Қалада өткен байқауда 1-орын алып, республикалық байқауға қатысуға мүмкіндік алдым. Жарыстың әр кезеңі тыңғылықты дайындық пен төзімділікті талап етеді. Себебі, мұның бәрі жедел іздестіру іс-шаралары кезінде, жедел тергеу топтарының құрамында болып, қылмыскерлерді құрықтауда аса қажет.

Бірінші кезеңде 70 сұрақтан тұратын тест болды. Оған 1 сағат уақыт берілді. Екінші кезеңде тағы да тест сұрақтарына жауап бердік. 20 сұраққа 25 минуттың ішінде жауап беру керек. Қылмыс болған кездегі жедел әрекет, күдіктіні қалай іздеу керек деген сияқты қызметке байланысты сұрақтар болды. Одан кейін дене шынықтыру дайындығы, интеллектуалдық, жалпы жедел уәкілдің қырағалығы мен кәсіби деңгейі сыналды. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген 21 жедел уәкіл арасында жарыс болды. «Үздік жедел уәкіл» атаңбасақ та, үздік үштікке іліндік, – дейді ізкесуші.

Р.С: Құрылым құрылғалы бері қызмет барысында бірнеше қызметкер ерлікпен қаза тапты. Көбі жаракат алды. Қылмыстық іздестіру жан-жақтылықты талап етеді. Жұмыс барысында барлық бағытта жедел әрекет ете алуға тиіс. Жәбірленушімен, тіпті қылмыскермен де жұмыс істей білу керек. Қиындығы көп, күрделі жедел уәкіл қызметі кез келгеннің қолынан келе бермейді.



ШЕШІМ

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2023 жылғы 6 қазандағы №07 шешімі, Алматы қаласы Әділет Департаментінде 2023 жылдың 13 қазанында №1740 болып тіркелген

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі «Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» №2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

ШЕШТІМ:

1. Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі «Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» №2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1545 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнама-сында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді Бостандық ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бостандық ауданы әкімінің аппаратына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	С.АЛПІН
«КЕЛІСІЛДІ»	
Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы	

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №2 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласы Бостандық ауданындағы сайлау учаскелерінің шекаралары

№225 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Орбита-2» шағынауданы, 25, Алматы қаласы білім басқармасының «№68 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Өл-Фараби даңғылы: 125, 127, 129, 135; Витебская көшесі: 42А, 43/1, 44А, 44/1, 46, 48; Өбіш Кекілбайұлы көшесі: 229, 229А, 231, 231А, 233, 233А, 235, 237А, 239, 243А, 245, 247, 249, 249А, 251, 251А, 253, 255, 259; «Орбита-2» шағынауданы: 1, 2, 6; «Хан Тәңірі» шағынауданы: 1А, 1Б, 1В, 4, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 15А, 16, 17, 18, 18А, 19, 20, 20А, 21, 21А, 22, 22А, 22/10, 23, 23А, 24, 24А, 25; Навои көшесі: 308, 308/11, 309, 310, 310А, 312, 312А, 314, 314А, 316, 318, 320, 322, 323, 324, 326, 328, 397; Самохвалов көшесі: 5; Самохвалов көшесі 1-ші: 5; Шахмет Хусанов көшесі: 334/4, 338/49.

№226 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Орбита-2» шағынауданы, 25, Алматы қаласы білім басқармасының «№68 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Өл-Фараби даңғылы: 131, 133; «Орбита-2» шағынауданы: 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 20, 20А, 34, 35, 36, 37, 38.

№227 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Орбита-2» шағынауданы, 25, Алматы қаласы білім басқармасының «№68 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Орбита-2» шағынауданы: 17, 17А, 17В, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28А, 28Б, 28В, 29А, 29, 30, 31, 32, 33.

№228 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Орбита-1» шағынауданы, 41, Алматы қаласы білім басқармасының «№60 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Навои көшесі: 208/1, 208/2, 208/3, 208/4, 208/5, 208/7, 208/8, 210/3, 286, 296, 298, 300, 302, 304, 308А, 308/1, 308/10, 308/2, 308/3, 308/4, 308/5, 308/6, 308/7, 308/8, 308/9.

№229 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Орбита-1» шағынауданы, 41, Алматы қаласы білім басқармасының «№60 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Орбита-1» шағынауданы: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8Б, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 34, 35, 36, 37, 38.

№230 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өбіш Кекілбайұлы көшесі, 88, Алматы қаласы білім басқармасының «№63 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Байқадамов көшесі: 19, 21, 23, 23А, 25, 27/22; Бах тұйық көшесі: 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11; Бокін көшесі: 3, 3А, 3/1, 4, 6, 6А, 8, 10, 10А, 10Б, 10 корпус 1, 12; Журавлев көшесі: 11, 13, 19/1, 21/2/168, 22, 24/149, 25, 26, 26А, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34/18, 35, 37, 39/16; Өбіш Кекілбайұлы көшесі: 14, 20/150, 31, 33, 35, 37корпус1, 37, 39, 39Б, 41, 43, 43А, 43Б, 45, 47, 49, 49А, 53, 55, 59, 61, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 87/1, 87/10, 87/8, 87/6, 87/7, 87/8, 89, 93; Линия-20 көшесі: 206; Охотский тұйық көшесі: 6, 9, 11, 13; Радостев көшесі: 255, 255/2, 257/1, 259, 261, 263, 265, 267, 271, 273; Розыбакиев көшесі: 155/64, 157, 157А, 159, 159А, 161, 161А, 163А, 165, 167, 169, 181А, 248, 250, 250Б, 266, 270; Тәжібаева Патшайым көшесі: 133/76, 135, 137, 139, 141, 143, 144, 166, 148, 150, 151, 151/1, 152, 153, 154, 156, 158, 160, 162, 164, 166, 168, 174, 178, 180; Шахмет Хусанов көшесі: 139/68, 141, 142/66, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 152, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 162А, 162Б, 163, 163А, 164, 165, 166, 167/23; Шмелев көшесі: 70, 78А, 88.

№231 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Радостев көшесі, 367, Алматы қаласы білім басқармасының «Михаил Васильевич Ломоносов атындағы №38 Қазақстан–Ресей гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Байқадамов көшесі: 20, 26, 28, 30, 32/24; Березовский көшесі: 2, 4, 6, 8, 13; Гагарин даңғылы: 233 корпус 1, 233 корпус 2, 233 корпус 3, 233 корпус 4, 233 корпус 5, 235; Өбіш Кекілбайұлы көшесі: 26, 28, 97, 97А, 99, 113; Короленко көшесі: 7, 8, 11, 13; Кулешов көшесі: 1/18, 1А, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 16, 17/11, 18; Му-жайский көшесі: 1/229, 5, 6; Радостев көшесі: 234, 240/5, 250, 252, 277, 295, 297, 299; Розыбакиев көшесі: 173/24, 175, 179, 181, 274, 276, 282, 284/17; Тәжібаева Патшайым көшесі: 182, 190/25; Ходжанов көшесі: 9А, 13; Шахмет Хусанов көшесі: 172, 174, 179, 180, 187/23.

№232 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Өбіш Кекілбайұлы көшесі, 133, «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жанындағы колледж мектеп-интернат» республикалық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Березовский көшесі: 18, 22/14, 24; Гагарин даңғылы: 253; Өбіш Кекілбайұлы көшесі: 123, 129/1, 129/2, 129/3, 129/5, 129/8, 131А, 131Б, 131, 133В, 133 корпус 1, 133, 135, 137А, 137, 139А, 139, 141А, 141, 143, 145, 147, 149; Комаров көшесі: 3, 22; Кулешов көшесі: 21, 22, 24, 26, 28, 30, 31А, 32, 33А, 33Б, 33, 34, 36А, 36, 37/18, 38/17, 39, 40/16, 54, 73, 76; Линия-20 көшесі: 228, 230, 232; Радостев көшесі: 262/12, 301, 303А, 303, 305, 307, 309, 311, 313, 315/15; Розыбакиев көшесі: 183/22, 185, 187, 189, 191/25, 193/26, 201, 207, 286/20, 288А, 288, 290А, 290, 292А, 292, 294А, 294, 296/23, 298, 310А, 310; Сеченов көшесі: 46/8, 47/10, 58; Тәжібаева Патшайым көшесі: 157 корпус 2, 157 корпус 4, 157, 157/1, 157/3, 157/5, 157/7, 157/8, 159, 192/30, 194, 196, 196А, 198, 200, 202, 204, 206, 214, 218, 220; Торайғыров көшесі: 1; Ходжанов көшесі: 19/35, 21, 24/1, 27, 28, 30, 31/197А, 33, 34/197, 36/210; Шахмет Хусанов көшесі: 188/26, 189/28, 190, 191, 192, 193, 194, 195А, 195, 197Б, 198, 199, 200, 203, 204/32, 207, 211, 212, 216/6, 226/31; Шишкин көшесі: 2, 5, 20, 21; Шопен көшесі: 45/6, 53, 61, 69/6; Шуберт көшесі: 8.

№233 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Орбита-1» шағынауданы, 41, Алматы қаласы білім басқармасының «№60 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Орбита-1» шағынауданы: 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33.

№234 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Орбита-3» шағынауданы, 55А, Алматы қаласы білім басқармасының «№40 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Орбита-4» шағынауданы: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11.

№235 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қарғалы» шағынауданы, Кенесары хан көшесі, 18, Алматы қаласы білім басқармасының «Ғабиден Мұстафин атындағы №191 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Өл-Фараби даңғылы: 200, 202, 210; Асқаров көшесі: 1; Көшек батыр тұйық көшесі: 1, 3, 11; Көшек батыр көшесі: 1, 2, 3, 6, 7, 9, 9А, 9Б, 12, 14, 14А, 19А, 21, 22, 25Б, 25В, 25Г, 25Д, 25Ж, 27, 29, 33, 40; «Дарын» шағынауданы : 1, 3, 4, 7, 8, 10, 10А, 10/1, 12, 14, 14/1, 15, 18, 18А, 24, 24А, 31, 31А, 32, 33, 34, 35, 42, 43, 45, 46, 53, 55, 55/1; «Дарын-1» шағынауданы: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 47; «Мирас» шағынауданы: 1, 4, 6, 7, 8, 9, 12, 15, 17, 18, 19, 20, 23, 25/1, 26, 28, 30, 31, 42/1, 42/2, 48, 53, 53А, 54, 55, 56, 57, 58, 60, 61, 62, 63, 64, 71, 71А, 72, 78, 79, 80, 92, 93, 95, 96, 97, 98, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 109, 110, 113, 115, 119, 120, 121, 122, 123, 123А, 124, 125, 127, 128, 128/1, 128/2, 128/3, 129, 130, 130/1, 131, 133, 134, 134/1, 134/2, 136, 137, 139, 141, 143, 144, 145, 147, 148, 149, 149А, 149Б, 149/1, 150, 153, 157, 157/2, 157/4, 159, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 174А, 174 корпус 17, 174/10, 174/13, 174/16, 174/3, 174/17, 174/6, 174/9, 175/3, 177, 179, 188, 188/13, 188/16, 188/17, 188/18, 188/19, 188/2, 188/20, 188/21, 188/24, 188/25, 188/26, 188/32, 188/33, 188/36, 188/37, 188/38, 188/39, 188/43, 188/44, 188/45, 188/46, 188/47, 188/49, 188/51, 188/53, 188/54, 188/56, 188/6, 188/7; Мұсабаев көшесі: 3, 5, 10, 12, 15, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 28.

№236 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Орбита-3» шағынауданы, 5Г, Алматы қаласы білім басқармасының «Өл-Фараби атындағы №145 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Орбита-3» шағынауданы: 26, 27, 55/2; «Орбита-4» шағынауданы: 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 30, 32, 33, 36, 37, 38.

№237 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Орбита-3» шағынауданы, 55, Алматы қаласы білім басқармасының «№45 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Орбита-3» шағынауданы: 24, 25, 28, 29, 30, 31, 33, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 52/2, 54, 55.

№238 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Орбита-3» шағынауданы, 55, Алматы қаласы білім басқармасының «№45 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Орбита-3» шағынауданы: 1, 2, 3, 4, 5, 5Б, 5Е, 6, 7, 7А, 8, 12А, 13, 16, 19, 20, 21, 22.

№239 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Торайғыров көшесі, 29 , «Халықаралық білім беру корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты.

Шекаралары: Рысқұлбеков көшесі: 28/1, 28/10, 28/2, 28/3, 28/4, 28/5, 28/6, 28/8, 28/9; Торайғыров көшесі: 19, 19А, 21, 21/1, 33; Щепкин көшесі: 35, 35А, 37.

№240 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Торайғыров көшесі, 29, «Халықаралық білім беру корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты.

Шекаралары: Рысқұлбеков көшесі: 38; Торайғыров көшесі: 11, 11А, 11/39, 13, 15, 17, 25, 27, 29, 39, 41, 43, 45, 45Б, 47, 49, 51, 53; Щепкин көшесі: 39.

№241 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Рысқұлбеков көшесі, 20, Алматы қаласы білім басқармасының «№37 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Вишневский көшесі 3-ші: 1, 3, 6, 8, 9, 11, 12, 16, 17, 22, 24, 30, 42; Декарт көшесі: 1/135, 1/1, 2/137, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11/44, 12/46, 14/43, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 20/3, 21/14, 22, 22/16, 23, 23/9, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34/66; Өбіш Кекілбайұлы көшесі: 119, 119А; Мельникайте көшесі: 1/139, 2, 3, 4, 5, 5А, 6, 7, 8, 9, 10, 11/48, 12, 13/45, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 24, 24А, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33/68; Навои көшесі: 125, 131/1, 142, 144, 146, 148А, 148, 150А, 150, 152А, 152, 154А, 154, 156А, 156, 158А, 158, 160А, 160, 162А, 162, 164А, 164Б, 164, 166А, 166, 168, 170А, 170, 172Б, 172, 174А, 174Б, 176А, 176, 178А, 178, 180А, 180, 182А, 184А, 184, 186, 190, 192А, 202, 206, 208, 208/6, 210/1, 210/2, 212, 214А, 216, 218А, 224А, 228, 234А, 234, 236, 242А, 246, 250А, 262, 266, 268, 278А, 278, 280; Рысқұлбеков көшесі: 2, 4, 6, 8, 10, 12/30, 14/27, 16, 18; Семятов көшесі: 41/13, 43; Ухтомский көшесі: 1А, 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11/32, 12, 12/34, 13, 13/29, 15, 16, 17/2, 18, 20, 21, 22, 24А, 24, 26, 28/54; Шахтерская көшесі: 2/133, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11/40, 13/37, 14/39, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21/10, 22, 23, 24/7, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33/60, 34/62; Эйлер көшесі: 1, 2А, 21/29, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 11/36, 12/38, 13/33, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21А, 21/6, 22, 23А, 23, 24, 25, 26, 27/56, 28, 30, 32, 34/58.

№242 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 135А, Алматы қаласы білім басқармасының «№94 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Айманов көшесі: 134/64, 136, 138, 144, 145, 146, 148, 149, 152/61, 159, 161, 163, 170, 172; Гагарин даңғылы: 154А, 154, 158, 178, 180, 184, 186; Жандарбеков көшесі: 133/60, 135, 136, 137, 142, 143, 144, 149, 150, 151, 169, 180; Жандосов көшесі 21/71; Жароков көшесі: 153, 163, 165, 167, 171А, 171Е; Мыңбаев көшесі: 73/130, 75; Сәтбаев көшесі: 54, 56, 62А, 62Б, 62; Солодовников көшесі: 28; Үмбетбаев көшесі: 162, 164, 166, 179, 188.

№243 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сәтбаев кө



РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

«ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ»

көшпелі халық салтын дәріптеген фестиваль өтті

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Кейінгі кездері ат спортының ауқымы кеңейді. Ұлттық ойындар қайта жанданып, халықаралық деңгейге шыға бастады. Дәстүрлі іс-шара көкпармен басталды. Тартысқа толы көкпарда 3 топтың көкпаршылары 60 келі көк серкені шеңберге тастау үшін барын салды. Одан кейін мергендер жамбы атып, бак сынады. Ұлттық ат спортында жамбы ату мен теңге ілудің жөні бөлек. Аtpен шауып келе жатып, жебесін нысанаға дәл тигізуге тырысқан спортшылардың арасында қыздар да бар. Бірақ ұлттық чемпионаттарда қыз, жігіт деп бөлінбейді. Барлығы бір ереже бойынша жарысқа түседі.

Айымның бапкері Саят Дәулетұлы: «Қазақтың жамбы ату спорты елімізде 2014 жылдан бастап қолға алына бастады. Содан бері әлі даму үстінде. Екі-үш жыл бұрын біздің спортшыларға тең келетіндер жоқ еді. Бірақ қазір Венгрия ең мықты бәсекелес елге айналды. Жақында Моңғолияда өткен жарыста біздің жамбы атушылар бірінші орынмен оралды. Нәтиже жаман емес. Қызығатын жастар көп», – дейді.



Бұл қазақтың аңшылық кәсібінен қалған, уақыт өте келе көз ұшындай жерге жамбы тігіп, дәлдеп ататын ұлттық спорт ойынына айналды. Жамбы ату халқымыздың ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Қазақ жамбыны тек ат

үстінде тұрып немесе шауып келе жатып қана атқан.

Фестивальде төреші белгі берісімен, 5 спортшы кезек-кезек аттарын ерттеп, шаба жөнелді. Жолда кездескен нысаналардың барлығына 16 секундтың ішінде дәл тигізу керек. Ұлттық спорт түрлерінің ережелері заман талабына сай өзгеріске ұшырады. Солардың бірі – жамбы ату. Мысалы, бұрынғы жамбы атуда қазақ стилі ғана болатын. Қазір түрік стилі, корей және аңшылық стилі қосылған. Халықаралық үлкен додаларда 4 нұсқа бойынша жамбы атады. Нысананың пішіні мен орналасу нүктесінде ғана айырмашылық бар. Әлем чемпионаты корей нұскасы бойынша өтеді.

Жамбы атушылар фестивалде түрік пен корей стилін біріктіріп, өнер көрсетті. Ойынның басты талабы – ат түзу шабу керек. 16 секунд ішінде жарыс жолын шауып өтуге тиіс. Жарыс жолының ұзындығы – 120 метр, ені – 2 метр.

ЕҢ БЕКЗАТ САЙЫС

Ер жігіттің ептілігі мен жылдамдығы сыналатын нағыз ұлттық спорт түрі – теңге ілу. Бұрындары тегіс жерде өтетін бұл ойында үлкендігі ат тұяғындай киіз үстіне ұсақ ақшаларды салып қоятын болған. Шүберекке түйілген күміс теңгелерді тұлпар мінген жігіттер екпіндете шауып келе жатып, іліп алып кету керек. Аттың шабысын бәсеңдетуге, іркіліп тоқтауға болмайды. Шабандоздар 150 метрге шауып, жерде жатқан түйіншектерді қағып алуға тырысты. Арасында қолына бірде-бір түйіншек ілінбеген спортшылар да болды. Әр спортшыға 2 мүмкіндік берілді.

«Қазір шүберекке теңге оралмайды. Ауыр, ұсақ тастар қолданылады. Бұрын бір стильде ғана өтетін. Қазір теңге ілуді 3 стильге бөлді. «Қос құлаш», «бес белес», «жеті құт» деген типтері бар. Әр типке әртүрлі спортшы қатысуы керек. Бір спортшы екі түріне қатар қатыса алмайды. Бүгінгі жарысқа қатысқан спортшылардың барлығы ҚР теңге ілуден спорт шеберлері.

Мұнда шабандоздың шеберлігі мен жылдамдығынан бөлек, аттың шабысы да маңызды рөл атқарады. Тактикалық шеберлік те сығна түседі. Ат пен иесі бір-бірін түсіне білуі керек», – дейді ҚР теңге ілуден спорт шебері, төреші Ерғали Бағжан.

Ұлттық спорт ұлықталған жарыста халқымыздың өмір салтын бейнелейтін құсбегілік өнер де көрсетілді. «Сұлтан сері» этно-орталығының бүркіттері мен тазылары шырғаға түсті. Шырға – түлкінің немесе шибөрінің терісі. Аtpен шауып сүйрейді. Құс мұлт кетпей, соған дәл түсуі керек. Одан кейін бүркітті иесі өз қолына шақырады.

Фестиваль соңында ат бәйгесінің 2 түрінен жарыс өтті. Оған дайындығы мықты аттар қатысты. Алдымен 6 шақырымдық жарыс жолына 21 құнан түсті. Құнан бәйгеде бес құнанға жүлде белгіленген. Ал 12 айналым аламан бәйгеде 27 сәйгүлік қатысты. Олардың 11-і мәреге дейін жетіп, алматылық Айсұлтаннның «Алтын алқа» атты жүйрігі бірінші келді. Айсұлтанға 1,5 миллион теңге сыйақы табысталды. Жамбыл облысынан келген қатысушы – екінші, Алматы облысынан келген шабандоз үшінші орын алды.



МАМАН ПІКІРІ

Айым АБАЖАНОВА, ҚР жамбы атудан спорт шебері:

ЖАСЫН ОЙНАТЫП, ЖАМБЫ АТТЫМ

Біздің сала екі бағытта сынайтын өте күрделі спорт түрі. Алдымен мергендік сын, одан кейін спортшының атпен еркін шаба алуы сыналады. Кішкентайымнан атқа қатысты барлық спорт түріне қызығамын. Бірақ жамбы ату – басқаға қарағанда ерекше спорт. Жарыста қиындықтар болып тұрады. Көбіне садақ сынып қалып, қолға кіріп кететін жағдайлар болады. Шауып келе жатып, ат сүрініп кетуі мүмкін. Аттың шабысы бәріне әсер етеді.

Жамбы атуға қызығатын қыздар көп. Бірақ олар садақпен жерде тұрып, жақсы ата алғанымен, атпен шауып келе жатып, садақты қатар қолдана алмайды. 1-2 рет аттан құлағаннан кейін тауы қайтып, жамбы атудан бас тартады. Ең алдымен, атқа жақсы отыра алуы керек. Әр аттың шабысы әртүрлі болады. Ат талғамайды. Бастысы, шабысы жылдам болуы керек. Жарыста кейбір аттардың басын бір тартып қойсаң, сол жылдамдықпен бірқалыпты шабады. Жамбы атуға сондай аттар керегі. Ал кейбір аттар қатты шабады. Ол кезде жебені нысанаға тигізбек түгілі, көздеп үлгері алмай қалуы мүмкін. Ұлттық спорттың бұл түрімен кәсіби түрде айналысатын адамда жеке аты болғаны дұрыс деп ойлаймын. Өзімнің жеке үйретілген атым бар. Оны жамбыға үйрету біраз уақытты алды. Шапқан кезде баяу шабады. Өзіме ыңғайлы.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асан ҚАНАПИЯНОВ, Алматы қаласы бойынша асық атудан бас төреші:

АЛМАТЫДА АСЫҚ АТУ КЕНЖЕЛЕП ТҰР

Республика бойынша ҚР чемпионаттарына бірнеше мәрте шығып жүрміз. Асық ату спортына әлі де дұрыс мән берілмей келеді. Жәй баланың ойыны ретінде қарайтындар көп. 2 жыл бұрын «Асық ату» федерациясы құрылды. Асық атуды үйрететін мамандар жоқтың қасы. Жетісу, Әуезов, Алмалы аудандарында асық атуды насихаттау, үйрету жақсы жолға қойылған. Ал қалған аудандарда кенжелеп тұр. Асық мүлдем жоқ десек болады. Асық атудан басқа барлық спортқа жүлде қорына қомақты қаржы бөлініп, беріліп жатыр. Ал асық ату спортына ештеңе ұйымдастырылмаған.

Біздің мақсат – асық атуды қазақ күресінің деңгейіне көтеру. Асықты шет қалдырмай, ұлттық спорттың басқа түрлерімен теңестіріп қараса екен.

Бұл спортта бала 45 минут бойы қозғалыста болады. Денсаулыққа пайдалы екені ғылымда да дәлелденіп қойды. Баланың төзімділігі мен мергенділігі, жалпы физикалық дайындығы қажет.

Асық атудың ойнау тәсілдері өзгеріске ұшырады. ҚР «Асық ату» федерациясы бекіткен ережесіне сәйкес бір ғана ережені тұжырымдады. Ел чемпионаты мен әлем чемпионаты сол ережемен өтеді. Алдыңғы жылы Анталия қаласында, былтыр Румынияда әлем чемпионаты өтті. Біздің асық әлемдік деңгейге шықты. Бірақ Алматы қаласынан әлем чемпионатына қатысатын спортшы шыққан жоқ. Астана қаласында, Солтүстік Қазақстан мен Түркістан облыстарында асық атудан чемпионаттарға қатысып тұрады. Олардың деңгейі бізге қарағанда өте жоғары және асықты ойнау тәсілін бізге қарағанда едәуір жақсы меңгерген. Биыл бізде де ақырындап сел орнынан қозғалған секілді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШЫ



ЖӘНІБЕК ЕРЛЕДІ!

Мемлекет басшысы боксшы
Жәнібек Әлімханұлын
жеңісімен құттықтады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақтың кәсіби боксшысы Жәнібек Әлімханұлын WBO және IBF тұжырымдарынан әлем чемпионы атағы үшін германиялық Винченцо Гуальтиеримен өткен жекпе-жектегі жарқын жеңісімен құттықтады.

«Жәнібек қазақ бокс мектебінің жоғары деңгейі мен мықтылығын әлемге тағы да паш етті. Бұл жеңіс бокспен айналысатын жастарды биік белестерді бағындыруға ынталандырады. Сізге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін. Жеңістен жеңіске жете беріңіз!», – деп жазды Мемлекет басшысы Twitter парақшасында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz; фото: sports.kz).

«ALMA CUP 2023»

Алматы жастарының арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған спорттық іс-шаралар қарқын алып келеді.

ВОЛЕЙБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

Оның жалпы жүлде қоры
1,2 млн теңгені құрады



Ернұр
РЫСБАЙ

Республика күні мерекесі қарсаңында «Нархоз» университетінде жоғары оқу орындары студенттерінің ерлер мен әйелдер арасында «ALMA CUP 2023» чемпионатының волейболдан турнирі өтті.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өткен спорттық іс-шара 2 күнге созылды. Жүлде қоры 1,2 млн теңгені құрады. Оның ішінде 600 000 теңге – ерлер арасындағы волейболға, 600 000 теңге – әйелдер арасындағы ойынға бөлінген.

Ерлер арасындағы волейбол турниріне қаламыздың 22 жоғары оқу орнынан, ал әйелдер арасындағы турнирге 14 жоғары оқу студенттері қатысып, өзара бақ сынады.

Тартысты ойын 2 күнге созылып, нәтижесінде, әйелдер арасындағы волейбол турнирінде 1-орын – КазАСТ «АДК» командасына (300 000 теңге), 2-орын – КазАСТ «Рахат» командасына (200 000 тг), 3-орын – КазНПУ командасына (100 000 теңге) тиесілі болды.

Ерлер арасындағы турнир нәтижесі бойынша 1-орынды – КазАСТ командасы (300 000 тг), 2-орынды – КазНУ командасы (200 000 тг), 3-орынды – КазННТУ командасы (100 000 теңге) иеленді.

«ALMA CUP 2023» спорттық чемпионаты – қала студенттері арасында ең танымал спорт түрлерін біріктіретін ауқымды жобалардың бірі. Жоба жастардың дене шынықтыру дайындығын және футбол, волейбол, баскетбол, киберспорт сияқты спорт түрлеріне қызығушылығын арттыруға бағытталған.

СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАР

«Almaty City Games 2023»

ойындарына 1,5 мың адам қатысты

Алматыда сенбі-жексенбі күндері Республика күнін мерекелеу аясында «Almaty City Games 2023» жалпықалалық спорттық ойындар ұйымдастырылды.



Досбол
АТАЖАН

Ойындар шағын футбол, чирлидинг, 3x3 баскетбол, үстел теннисі, шахмат және волейбол сияқты спорт түрлерінен өтті. Спорт сайыстарына 1500-ден астам адам қатысты. Ойындардың жалпы жүлделік қоры 2,5 миллион теңгені құрады. Айта кеткен жөн, іс-шара қаланың үш алаңында өтті: М.Әуезов атындағы стадионында, «Дебют» шахмат клубында және «Тұран» университетінде.

Сондай-ақ, жарыс аясында граффити, көркем сурет салу бойынша шеберлік сыныптары, арт-галерея көрмелері, спорттық бұқаралық іс-шаралар және концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

– Жарыс жоғары деңгейде өтті, мұнда жиналған командалар мықты болды. Бір куантарлығы, Алматыда спорттық жарыстар жиі өтіп тұрады, оған жастар құрамалары қатыса алады. Бұл студенттердің дамуына, шымыр болуына мүмкіндік береді. Турнирге қатысқан барлық команда мүшелері мықты, лайықты қарсылас болды деп айта аламын, – дейді Аслан Дерімбай есімді ойыншы.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

Республика күні қарсаңында Қарттар айлығы аясында Наурызбай ауданындағы №174 мектеп-гимназиясында «Ата – әулеттің тірегі, әже – ұрпақтың жүрегі» атты форум өтті. Отбасы құндылығын насихаттап, қоғамдағы ата мен әженің жауапкершілігін арттыратын бұл форумды Наурызбай аудандық Білім бөлімі ұйымдастырды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл күні немересін жетектеп мектепке ағылған ата мен әженің жүзінен қуаныш табын ғана емес, үлкен жауапкершілікті де аңғару қиын емес еді. Ұлттық киім киіп, босағадан имене аттаған қариялар мектептің үшінші қабатына көтеріліп, алаң төріне жайғасып жатыр. Мұндағы әрбір алаң мазмұнына сай безендіріліп, айтулы атауға ие болды. Мәселен, 1-ші алаң «Күй – құдірет, күй – кие» деп аталады. Дәл осы жерде келген қонақтардың әрбіріне немересінің атынан құрмет көрсетіліп, сырты да, іші де «тәтті» қалталар үлестірілді.

Қонақтар II алаңдағы өздеріне жайылған дастархандағы ұлттық тағамдардан ауыз тиді. Ал III алаңда «Дарындылық – даналық кілті» атты оқушылардың қолдан жасаған бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылардың шебер қолынан шыққан әрбір бұйым көзге ыстық, көңілге жақын. Өйткені, мұндағы әрбір бұйымды ата-әже мен немере бірлесе жасаған. Балғын бояу шеберлерінің қолынан шыққан түрлі тақырыптағы туындылар кең қабаттың бір бұрышынан орын алып, көрерменнің көзайымына айналды.

